

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КӨЛІК ЖӘНЕ
КОММУНИКАЦИЯЛАР МИНИСТРЛІГІ
АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ
КЕШЕН ҚҰРЫЛЫСЫ КОМИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО ТРАНСПОРТА И КОММУНИКАЦИЙ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КОМИТЕТ АВТОМОБИЛЬНЫХ ДОРОГ И СТРОИТЕЛЬСТВА
ИНФРАСТРУКТУРНОГО КОМПЛЕКСА**

**ҚАЗАҚСТАН АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫНДА ХИМИЯЛЫҚ
РЕАГЕНТТЕРДІ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП ҚЫС КЕЗІНДЕ ЖҮЗЕГЕ
АСЫРЫЛАТЫН ТАЙҒАҚТЫҚПЕН КҮРЕСУ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН
ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ШАРАЛАРЫ ЖӨНІНДЕГІ
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ
ПО БОРЬБЕ С ЗИМНЕЙ СКОЛЬЗКОСТЬЮ
НА АВТОМОБИЛЬНЫХ ДОРОГАХ КАЗАХСТАНА
С ПРИМЕНЕНИЕМ ХИМИЧЕСКИХ РЕАГЕНТОВ И
МЕРОПРИЯТИЯ ПО ЗАЩИТЕ ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ**

**ҚР Ұ 218-32-03
Р РК 218-32-03**

**Ресми басылым
Издание официальное**

Алматы 2004

КІРІСПЕ

1 ДАЙЫНДАУШЫ ЖӘНЕ ЕНГІЗУШІ	«СК Инжиниринг» ЖШС
2 ҚАБЫЛДАНҒАН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМ	Автомобиль жолдары және инфрақұрылымдық кешендер құрылысы комитетінің 12.12.2003 ж №146 бұйрығымен енгізілді
3 КЕЛІСІЛДІ	«Қазақавтожол» МРК, ҚР ІІМ Жол полициясы департаменті, Қоршаған ортаны қорғау Министрлігі
4 АЛҒАШҚІ ТЕКСЕРІС МЕРЗІМІ	2009 жыл
5 ТЕКСЕРУ МЕРЗІМДІЛІГІ	5 жыл
6 ҚАЙ ҚҰЖАТТЫҢ ОРНЫНА	Химиялық заттарды қолдану арқылы Қазақстан автомобиль жолдарындағы қысқы тайпақтықпен күрес тұрғысындағы әдістемелік нұсқау

ПРЕДИСЛОВИЕ

1 РАЗРАБОТАНЫ И ВНЕСЕНЫ	ТОО «СК Инжиниринг»
2 УТВЕРЖДЕНЫ И ВВЕДЕНЫ В ДЕЙСТВИЕ	Приказом комитета автомобильных дорог и строительства инфраструктурного комплекса от 12 декабря 2003 года №146
3 СОГЛАСОВАНЫ	РГП «Казхавтодор», Департамент дорожной полиции МВД РК, Министерство охраны окружающей среды РК
4 СРОК ПЕРВИЧНОЙ ПРОВЕРКИ	2009 год
5 ПЕРИОДИЧНОСТЬ ПРОВЕРКИ	5 лет
6 ВВЕДЕНА ВЗАМЕН	Методические рекомендации по применению химических средств борьбы с зимней скользкостью на автомобильных дорогах Казахстана

Аталмыш Әдістемелік ұсыныстар Қазақстан Республикасы көлік және коммуникациялар Министрлігіне қарасты автомобиль жолдар және инфрақұрылымдық кешен құрылысы Комитетінің рұқсатынсыз толық немесе ішінара басылмайды, көбейтілмейді және таратылмайды.

Настоящие Методические рекомендации не могут быть полностью или частично воспроизведены, тиражированы и распространены без разрешения Комитета автомобильных дорог и строительства инфраструктурного комплекса Министерства транспорта и коммуникаций.

МАЗМҰНЫ

1 Қолданылу саласы	4
2 Нормативтік сілтемелер мен пайдаланылған әдебиеттер	4
3 Терминдер мен анықтамалар	6
4 Жалпы жағдайлар	7
5 Жол бетінде көктайғақтың туындау себептері мен оның физикалық-механикалық қасиеттері	9
6 Химиялық реагенттер әсер еткен кезде қардың немесе қарлы-мұзды түзілулер қасиеттерінің өзгеріске ұшырауы	15
7 Көктайғаққа қарсы қолданылатын химиялық реагенттер және оларға қойылатын талаптар	22
8 Көктайғақтық химиялық реагенттерді шашу мөлшері ...	26
9 Көктайғақтық химиялық материалдарды қолдану технологиясының негіздері	30
10 Химиялық реагенттердің қоршаған ортаға әкелетін зиянды әсерін төмендетуге бағытталған шаралар	36
11 Топырақ пен өсімдік әлемін көктайғаққа қарсы материал қалдықтарының әсерінен қорғауға бағытталған шаралар	48
А Қосымша. Қысқы жол күтіліміне арналған технологиялық материалдар базасы	52
Б Қосымша. Қар жинау машиналарын пайдаланған және техникалық күтімге алған кезіндегі техникалық қауіпсіздік .	55
В Қосымша. Тұздықтар концентрациясын тексеру	61
Г Қосымша. Темірбетоннан жасалған қоймаларды көктайғақтық материалдардың теріс әсерінен қорғау жөніндегі ұсыныстар	62
Д Қосымша. Химиялық реагенттерді қар-мұз туындыларына қарсы пайдаланудағы шашу нормасы	64
Е Қосымша. «Үштік (Тройка)-2000» кешендік жол күтімі жүйесі	67
Ж Қосымша. Қатты және сұйық күйдегі тайғақтыққа қарсы материал шашқыштарының техникалық сипаттамалары	74

**ҚАЗАҚСТАН АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫНДА
ХИМИЯЛЫҚ РЕАГЕНТТЕРДІ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП ҚЫС
КЕЗІНДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАТЫН ТАЙҒАҚТЫҚПЕН
КҮРЕСУ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ
ШАРАЛАРЫ ЖӨНІНДЕГІ ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАР**

Күшіне ену мерзімі 12.12.2003

1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Осы нормативтік құжаттың талаптары жалпы пайдаланымдық автомобиль жолдарындағы қысқы тайғақтықпен күресу үшін қатты немесе сұйық күйде қолданылатын химиялық, аралас және үйке-түзілімдік материалдарға таралады.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР МЕН ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1 МЕСТ 30413-96. Автомобиль жолдары. Ілініс коэффициентін анықтау әдісі. МНТКС.

2 МЕСТ 17.4.06-86. Табиғатты қорғау. Топырақ. Химиялық ластаушы заттардың әсеріне қарай топырақты сыныптауға қойлатын жалпы талаптар.

3 МЕСТ 25246-82. Химиялық тұрғыдан берік бетондар. Техникалық шарттар.

4 МЕСТ 450-77. Техникалық хлорлы кальций. Техникалық шарттар.

5 МЕСТ 7759-73. Техникалық хлорлы магний (бишофат). Техникалық шарттар.

6 ҚРЖЕ 2.04.01-2001. Құрылыстық ықылымдау (климатология).

7 ҚР Е 218-21-02. Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарын салу, жөндеу және күтімге алу кезіндегі қоршаған ортаны қорғау жөніндегі нұсқаулық.

8 ҚНЖЕ 3.04.03-85. Құрылыстық конструкцияларды коррозиядан қорғау.

9 ҰҚН 24-88. Автомобиль жолдарын жөндеу мен күтімге алудың техникалық Ережелері.

10 ҰҚН 41-92. Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарындағы жұмыс жүргізілетін жерлерде жол қозғалысын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық

11 Бяловжевский Г.В., Дербенева М.М., Мазепова В.И., Рудакова Л.М. Автомобиль жолдарындағы қысқы тайғақтықпен күрес.-М.: Транспорт, 1975.-112бет.

12 Карабан Г.Л., Борисюк Н.В. Қала жолдарын қардан тазалаудың осы заманғы технологиясы – М.: МАДИ, 1988.-92бет.

13 Карабан Г.Л., Ратинов В.Б., Жолдардағы қарлы-мұзды түзінділермен химиялық реагенттер арқалы күрес. – М.: Стройиздат, 1976.-80бет.

14 Қиялбаев Ә.Қ. Автомобиль жолдары мен қала көшелерін пайдалану тұрғысындағы экологиялық қауіпсіздік (орыс тілінде). – Алматы: «Ғылым» ФБО, 2003. – 300 б.

15 Қиялбаев Ә.Қ., Тоққұлов С.С., Телтаев Б.Б., Талғатбекова Қ.А. ж.б. Көлік-жол кешенінде қоршаған ортаны қорғау ісі бойынша табиғатты сақтау шаралары /Ә.Қ.Қиялбаевтың редакциясымен (орыс тілінде). – Алматы: ҚазККА, 2003. – 223 б.

16 Қиялбаев Ә.Қ., Шәбденев С.С. Экологиялық қауіпсіздікті есепке ала отырып құбылмалы ықылымдық жағдайда көк тайғақтыққа қарсы күрес үшін қолданылатын химиялық реагенттерді шашу нормасы /Қазақстан ғылымының жаңалықтары.-Алматы:КазгосИНТИ, 2002.- 94-99 беттер.

17 Телтаев Б.Б. Инженерлік құрылғылардың топырақты негіздеріндегі су-түз режимдерін анықтау үшін қолданылатын балку диаграммасы әдісі. /ҚазККА еңбектерінің жинағы.-Алматы: ҚазККА, 1999.- 144-150 беттер.

18 Үштік-2000. Арнайы жабдықталған жол кешені. Қолдану жөніндегі ұсыныстар. – Челябинск: «Евразия» ААҚ, 2000.-56 бет.

3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Тайғақтық коэффициенті – доңғалақ пен жамылғының бойлық ілінісу коэффициентінің нақты мәнінің аталмыш типті жамылғының қалыпты жағдайындағы шекті рұқсат етілген мәніне қатынасы.

Тапталған қар – автомобиль қозғалысының қарқындылығы салдарынан жол жамылғысына түскен қардың тапталуы.

Мұздану – шық не қырау басқан немесе автомобиль доңғалағы мен жамылғы арасындағы ілініс коэффициентінің төмендеуімен сипатталатын жолдың өтпе бөлігінің күйі.

Қысқы тайғақтық – жол жамылғысының ілініс коэффициентін айтарлықтай дәрежеде төмендететін қыс кезіндегі барлық метеорологиялық құбылыстардың жалпылама түсініктері (көктайғақ, тапталған қар, мұз қабаты, қырау және т.с.с.)

Қыс кезіндегі жолдың күтілімі – қыс кезінде автомобиль жолдарындағы көлік қозғалысының үздіксіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар кешені, оған кіретіндер: жолды қардан тазалау, жолды қар басу мен қар көшкінінен қорғау, қысқы тайғақтық пен жамылғы мұздануымен күрес.

Түз бен құм қоспасы – шашқан кезде жамылғы бетіндегі мұз қабатына жақсырақ бекуі және ашық далада сақтаған кезде қатып қалмауы үшін құм не ұсақ шағылтастың химиялық тайғақтыққа қарсы затармен қоспасы (1:10).

Тайғақтыққа қарсы қолданылатын түз – жол жамылғыларындағы мұзды немесе жұқа қар қабатын еріту үшін қолданылатын, өнеркәсіп өндіріс орындарында шығарылатын түз (NaCl , CaCl_2 , MgCl_2).

Қардың қаттылығы – қардың деформацияға немесе морт сынуға қарсыласуы.

Улылық – улылық, кейбір химиялық элементтердің, қоспалар мен биогендік заттардың адамға, жануарларға, өсімдіктерге, саңырауқұлақтарға, микроорганизмдерге зиянды әсер ету мүмкіндіктері.

Автомобиль жолдарының экологиялық қауіпсіздігі – жолдың құрылысы, қайта салуы мен пайдаланымы кезінде, оның әсерінен қоршаған табиғи және әлеуметтік ортаның қорғанымдық күйі,

жолдың әсер ету параметрлерінің фондық мәндерді өз шегінен шықпаса немесе санитарлық-гигиеналық (экологиялық) нормативтерден аспаса жол бойындағы аумақтардың табиғи экологиялық жүйесі қызметінің ұзақ мерзім бойы қандай да болсын өзгеріссіз қалуы қамтамасыз етіледі.

Автомобиль жолдары мен жол маңындағы аумақтардың экологиялық қауіпсіздігі экологиялық маңызы бар көрсеткіштермен және жолдың қоршаған ортаға деген әсерін анықтағыштар көмегімен бағаланады.

Экологиялық залал – адамның табиғатты қорғау шаралары мен талаптарына сәйкес келмейтін әрекеттері немесе табиғи апаттар әсерінен орын алатын оқиғалар нәтижесінде белгілі бір аумақтағы экологиялық жүйеге келтірілетін залал.

Экологиялық әсерлер - табиғи объектілердегі кез келген (қасақана немесе кездейсоқ, бірте-бірте немесе апаттық, оңтайлы немесе теріс) антропогендік өзгерістердің қоршаған орта күйінің параметрлеріне немесе көлік және арнайы техникаларының құрылуы мен пайдалануына, автомобиль жолдары мен инженерлік құрылғыларды салу мен қолдануға байланысты факторлардың әсер ету салдарлары.

4 ЖАЛПЫ ЖАҒДАЙЛАР

4.1 Автомобиль жолдарында, көпірлерде, әуежайлар мен басқа да көлік және коммуникациялық құрылымдарда пайда болатын қар қабақтары және көктайғақпен күресу проблемалары біздің еліміздегі құбылмалы жол ықылымдық жағдайлар үшін аса зор маңызы бар. Бүгінгі таңда аталмыш құрылғылар аумағындағы қысқы күтілімге жұмсалатын шығындарды азайту жолдарын қарастыру, сонымен қатар, көлік коммуникацияларының сенімділігін, тиімділігін және мүлтіксіз қызмет атқару мерзімін ұзарту көкейтесті мәселе болып отыр.

Автомобиль паркінің күрт өсуі, жүк айналымы мен жолаушы тасымалының қомақты көтерілуі автомобиль жолдарының күтімі мен қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету істеріне бұрынғыдан да жоғары талаптар қояды.

Автомобиль қозғалысы үшін жайсыз жағдайлар, әсіресе, қыс

кезінде көп орын алады. Өйткені бұл кезеңде жол төсемінде қарлы-мұзды қыртыс қабаты жиі туындап отырады. Статистика мәліметтері бойынша бақытсыз жағдайлар мен апаттардың 40%-ы осы көктайғақ жолдарда тіркеледі. Тайғанақ жолдарда автомобилдердің қозғалыс жылдамдығы төмендейді, әрі олардың өнімділігі 30-40%-ке азаяды, сонымен қатар тасымалдың өзіндік құны 25-30%-ға артады.

4.2 Қазақстан территориясындағы жол-ықылымдық жағдайлар әр алуан. Мысалы, Қазақстанның Орталық облыстарындағы ең суық ай кезіндегі ауаның орта температурасы шамамен $-25-27^{\circ}\text{C}$, Шығыста $-31-36^{\circ}\text{C}$, Солтүстікте $-26-29^{\circ}\text{C}$, ал Оңтүстікте $-3-8^{\circ}\text{C}$. Тиісінше, жауын-шашынның жылдық мөлшері – 260-300, 340-370, 300-340, және 150 мм, жыл бойындағы суық мерзімнің ұзақтығы: 7, 6-7, 6-7,5, 5-6, 3-4 айға дейін созылады. Қазақстанның Солтүстік, Орталық және Батыс бөлігіндегі аймақтары қарлы бұрқасындар мен борандарға тәнті келеді [14].

4.3 Әдегте, көктайғақпен күресу үшін көбінесе ілініс мүмкіндігі жоғары (фрикциондық) материалдар қолданады. Алайда бұл материалдар жол бетінің ілініс сапасын ұзақ сақтай алмайды. Ал ілініс сапасын ұзарту мақсатымен қолданылатын күм мен тұздан тұратын химиялық реагенттер қоспасы таза фрикциялық материалдарды шашу әсерінен айтарлықтай өзгеріс бере алмайды. Өйткенмен, фрикциялық материалдардың тиімді әсер ету уақытының қысқа болуы – күм шашу құралдары мен технологиялық материалдарға деген сұранысты үдететіні анық.

4.4 Хлоридтер қарқыны төмен жауып тұрған қар жауынында жиі қолданылады, әрі мұндай жағдайда олар қалыңдығы 5 см-ге дейінгі қарды жартылай немесе толық еріту мүмкіндігінде болады.

Қысқы жол күтілімі кезінде хлоридтерді кеңінен қолдану жол бойындағы тоғай-бұталардың қурауына, цемент бетонды төсемдердің мұқалуына, су айлақтарының ластануына және басқа да айтарлықтай теріс ықпалдар туындатады. Әсіресе, хлоридтің көлік құралдары тетіктеріне, көпірлер мен жол өткелдерінің темір-бетон конструкцияларына тигізер коррозиялық шығыны тым орасан болады.

4.5 Көктайғаққа қарсы қолданылатын материалдардың

химиялық-биологиялық құрамына бақылау жасамау, көптеген қалаларда (әсіресе шағын қалаларда) көктайғаққа қарсы күресуге арналған материал ретінде құрамында әр түрлі зиянды және улы заттары бар өндіріс қалдықтарының қолданылуына жол ашты.

4.6 Қазақстанда әзірленген, қолданыстағы нормативтік құжаттарда жүзеге асырылып отырған химиялық және фрикциялық материалдарға тиісті деңгейде шектеулер қойылмаған. Сонымен қатар, бұл тәсілдердің жол-ықылымдық ерекшеліктерге сайып келетін технологиялық шешімдері де жете зерттелмеген.

4.7 Әдістемелік ұсыныстардың мақсаты — автомобиль жолдарындағы қысқы тайғақтықпен күресу мәселесін шешу барысында тиімді болатын инженерлік-техникалық және ұйымдастыру-жетекшілік тәсілдер кешенін қарастыру. Химиялық реагенттерді пайдаланудың, әзірлеудің және сақтаудың жаңа, экологиялық қауіпсіз технологиясын сипаттау.

5 ЖОЛ БЕТІНДЕ КӨКТАЙҒАҚТЫҢ ТУЫНДАУ СЕБЕПТЕРІ МЕН ОНЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ- МЕХАНИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ

5.1 Қарлы-мұзды қыртыстар өзінің физикалық-механикалық қасиеттері мен сыртқы сипаттылығына байланысты бірнеше түрге бөлінеді: ұлпа қар, тапталған қар, әйнек тәрізді жылтыр мұз (5.1 кесте) [12,13,14].

5.1.1 Қалыңдығы біркелкі ұлпа қар қабаты желсіз күні түскен қар жауынынан пайда болады. Олар ылғал ұстамдылығына байланысты: құрғақ, ылғалды және сулы қар болып бөлінеді. Жаңа түскен қардың тығыздығы 0,06-дан 0,20 т/м³-ге дейінгі аралықта болады. Мұндай жауын-шашында доңғалақ тағаны мен қар басқан төсем арасындағы ілініс коэффициенті 0,2-ге дейін төмендейді.

ҚР Ұ 218-32-03

5.1-кесте - Қардың көлемдік массасы, қаттылығы және оны күреп жылжытуға (кертуге) қарсылығы

р/н	Қар қабатының сипаттамасы	Көлемдік массасы, т/м ³	Қаттылығы, МПа	Күреп жылжытуға (кертуге) қарсылығы, МПа
1	Жаңа түскен, өте ұлпа	0,01-0,2	0,02	0,001
2	Ұлпа, әлсіз тапталған, жаңа түскен, кібіртіктелген	0,22-0,30	0,02-0,1	0,005-0,01
3	Тапталған, жаңа түскен	0,30-0,40	0,2-0,4	0,01-0,02
4	Ескі, жатып қалған	0,48-0,52	0,4-0,5	0,025-0,08
5	Ұсақ түйіршікті құлама, тапталған қар	0,55-0,66	0,5-0,7	0,1-0,5
6	Қарлы-мұзды туынды	0,65-0,8	—	1,0-2,5

5.1.2 Тапталған қар қалыңдығы әр түрлі, тығыздығы 0,2-0,4 т/м³ аралығында болатын нығыздалған қар қабаты түрінде болады және ол негізінен, көлік құралдары қозғалысының қарқыны мен жылдамдығы аз, техникалық категориясы төмен жолдарда жиірек туындайды. Сонымен қатар, оның пайда болуына сол жердің рельефі де әсер етеді. Доңғалақ тағаны мен тапталған қар беті арасындағы ілінісу коэффициентінің мәні – 0,15-0,30.

5.1.3 Әйнек тәрізді жылтыр мұз жол төсемінде әйнек тәрізді тегіс, қалыңдығы 1-3 мм-лік үлдір түрінде пайда болады, кей жағдайларда қалыңдығы 100 мм-ге дейін немесе одан да артық ақ түсті кедір-бұдырлы қыртыс болып та түседі. Жылтыр мұз тәрізді қабаттардың тығыздығы 0,7-0,9 т/м³, ал ілінісу коэффициенті – 0,08-0,15. Жылтыр мұз ауа температурасының -3-5 °С аралығында жиі туындайды, ал ақ түсті кедір-бұдырлы қыртыс түріндегі түрі (тығыздығы 0,5-0,7 т/м³), ауа температурасы 0°С шамасында кубылып тұрған кезеңдердегі желді қою тұманмен араласып пайда болады.

5.2 Қардың қаттылығы оның бойына қатты заттың енуіне

қарсылық ету шамасымен сипатталады. Қардың қаттылығы уақыт шамасына сәйкес тығыздықтың артуымен ұлғайтады. Ауа температурасының төмендеуі де қардың қаттылығын арттырады.

5.3 Тапталған қар бетінің әйнек түрге айналуы автомобиль шинасы мен жол төсемесі бетінің жанасуы кезінде орын алатын жылу процесстерінен берілетін жылу мөлшерінен болып табылады. Тартатын доңғалақ тербелгенде (айналғанда) негізгі жылу генераторы шинаның өзінің жылуы (шинадағы ішкі үйкеліс нәтижесінде жылу пайда болады), ал сырғанағанда – “шина — сырғанау беті” жанасуы нәтижесінде пайда болатын жылу болады.

5.4 Жол төсемдеріндегі қысқы тайғаққа қарсы қолданылатын химиялық заттар мынадай қасиеттерге негізделген: химиялық заттар, атап айтқанда, хлорлы тұздар мұз бетіне түскен кезде оның (мұздың) кристалдық құрылымын бұлдіреді, нәтижесінде мұз еріп (балып), суға қарағанда қату температурасы төмен түз ерітіндісіне айналады.

5.5 Хлорлы тұздар көмегімен мұз еріту — күрделі физикалық-химиялық процесс. Гигроскопиялық сипаттылығына байланысты хлорлы тұздар ауадағы ылғалды өз бойларына тез сіңіре алады. Бұл жағдайда оның бетінде кристалдардан тұратын қаныққан ерітіндінің жұқа қабаты пайда болады. Егер аталмыш тұзды мұз бетіне шашсақ, ерітіндінің кібіртіктелген кристалынан мұз арқылы адсорбирленген ылғалға тұз иондары ауысады. Сұйықпен жанасатын тұз кристалы бетінен иондардың бөлінуі, микробөліктердің өзіндік тербелісті қозғалыстары, сонымен қатар, су (еріткіш) молекулаларының иондарды өзіне тартуы нәтижесінде орын алады. Соның нәтижесінде зат ериді, сонымен қатар бір мезгілде ерітінді түзіле отырып, еритін зат иондарының еріткіште таралу (диффузиясы) процесі жүзеге асады. Концентрациясы жоғары ерітінділерде кристалдардан ыдыраған микробөліктер толығымен немесе ішінара су молекулаларымен қосылады да, жаңа химиялық қосынды — гидраттар түзеді. Гидраттар түзілу процесін *гидратация* деп атаймыз [11].

5.6 Автомобиль жолдарындағы көктайғақтықпен күресу барысында химиялық реагенттерді (хлоридтерді, нитраттарды, ацетаттарды) келесі мақсаттар үшін қолданады:

ҚР Ұ 218-32-03

- көктайғақтың туындауының алдын алу (профилактикалық әдістер);
- мұзды тікелей реагенттер арқылы жою (апаттық әдіс).

5.6.1 Алдын алу әдісінің мәні - қар түсу кезінде хлоридтерді қар құрамына ендіру болып табылады. Әдіс теңіз мұзының физикалық-химиялық қасиеттерінің ерекшеліктеріне негізделген. Теңіз мұзының құрамындағы тұз мөлшерінің көп болуы оның беріктігін төмендетеді. Құрамында 1% қана хлорлы натрий немесе кальций нитрит-нитраты (КНН) бар мұздың беріктігі, мұздың қандай реагенттен тұратынына қарамастан, кәдуелгі мұздан айтарлықтай төмен болады. Зерттеу нәтижелері төмендегідей қорытындылар бере алады:

- төмен концентрациялы ерітіндіден түзілетін мұздың беріктігі мен асфальтты бетон бетіне жабысу күші тұщы судан түзілген мұзбен салыстырғанда әлдеқайда төмен болады;
- мұздың беріктігі мен қатып жабысу күшінің өзгеруі қату процесіндегі реагент ерітінділерінің кристалдану ерекшелігіне байланысты борлады;
- жол төсемі бетімен жанасатын жердегі мұз қабатына, ерітінділері төменгі эвтектикалық температураларға ие реагенттерді ендіру қатып жабу күшін төмендетеді, әрі мұзды механизациялық тәсілмен толық қырып тастау мүмкіндігін арттырады.

5.6.2 Апаттық әдіс – қарды тазалау және оны жолдан толық аршу жұмыстарының сапасыз жүргізілуі салдарынан бой алдырған жол төсеміндегі қалыптасқан мұз қабатын толық ерітіп, жою үшін қолданылады. Бұл әдістің мәні мынадай: мұз бетіне түскен реагенттердің ірі кристалдары мұз қабатын бойлай ери бастайды, түйіршік еріп төмендеген сайын оның еру жолында өзекше саңылау пайда болады. Мысалы, кристаллдардың ірілігі 3 мм және ауа температурасы -16°C болған кезде өзекше тереңдігі шамамен 10 мм-ге жетеді. Ал осы температура жағдайында өзекше тереңдігі 30 мм-ден төмен болмауы үшін реагент кристаллдарының ірілігін 10 мм-ден жоғары қабылдауымыз тиіс.

5.1-суретте [12, 14] өзекше тереңдігінің мұз бен реагенттің жанасу уақытына тәуелділігі келтірілген. Бұдан көретініміз:

алғашқы екі сағатта өзекше тез тереңдейді, ары қарай процесс тұрақтанып, көп өзгеріске түспейді. Өзекше тереңдігіне мұздың температурасы тікелей әсер етеді. Сөйтіп, температураның төмендеуі өзекшенің максималды тереңдігін азайтады. Егер мұз температурасы -6°C -тан -18°C -қа дейін төмендегенде, өлшемі $8 > K > 7$ мм натрий хлоридін қолдансақ, онда өзекше тереңдігі 1,7 есе азаяды.



5.1 сурет - Температура -10°C болған кезде ХКНН реагентінің әрекет ету ұзақтығының өзекше тереңдігіне әсері: 1 – Кристалл ірілігі $8 > K > 7$ мм; 2 – Кристалл ірілігі $11 > K > 10$ мм.

Кристалдардың пайда болу жылдамдығы қолданылатын реагенттер түріне байланысты болады. Мысалы, хлорлы кальций мен кальций нитрит-нитрат хлоридін (ХКНН) қолданғанда, алғашқы сағатта канал тереңдігі хлорлы натрий қолданған кезбен салыстырғанда екі есе артады.

5.7 Тек химиялық затардың көмегімен ғана жол төсемі бетіндегі мұзды немесе тапталған қарды толығымен кетіруге, яғни, осылайша жол төсемінің бастапқы көліктік-пайдаланымдық көрсеткіштерін, соның ішінде автомобиль көлігінің қозғалыс қауіпсіздігінің тиісті деңгейін қалпына келтіруге болады.

5.8 Мұздың еру мүмкіндігі Р деп 1 грамм химиялық заттың Q_b шартты уақыт аралығында Q_n мұз көлемін ерітуін айтады [11, 12]:

$$P = \frac{Q_b}{Q_n} \quad (1)$$

5.8.1 Көктайғаққа қарсы қолданылатын химиялық материалдардың еру мүмкіндігі мұз немесе қардың температурасы мен ылғалдылығына байланысты болады. Реагенттің әрбір түрі белгілі бір температуралық аралықта ғана мұзбен (қармен) өзара әсерлеседі. Мысалы, хлорлы натрийдің эвтектикалық нүктесі $-21,5^{\circ}\text{C}$, хлорлы калийдікі -10°C , хлорлы магнийдікі $-35,0^{\circ}\text{C}$, және хлорлы кальцийдікі $-52,2^{\circ}\text{C}$.

5.8.2 Мұздың еруі алғашқы сағат ағымында қарқынды орындалады. Осы уақыт ішінде ауа температурасының -5°C -да химиялық зат өз энергиясын мұзды 70-80%-ға дейін ерітуге жұмылдырады, ал ауа температурасы -2°C болған кезде, бұл көрсеткіш 30-40%-ден аспайды.

5.8.3 Мұзбен өзара әсерлескен кезде жылу шығаратын хлорлы кальций, сонымен қатар, соның негізінде жасалған заттар, бастапқы сәтте мұзды тезірек ерітеді, әрі олардың еріту мүмкіндігі хлорлы натрийден де жоғары болады. Ары қарай NaCl -дың еріткіштік мүмкіндігі тез арта бастайды да, біраз уақыт өткеннен кейін CaCl_2 -дың еріткіштік мүмкіндігінен арта бастайды. Дегенмен, -15°C -тық ауа температурасында CaCl_2 -дың еріткіштік қасиеті басқа реагенттерден басым болады.

5.8.4 Сильвиниттік жыныстардан алынатын техникалық тұздың құрамында ерімейтін қоспалардың біраз мөлшері кездеседі, әрі олар мұзды NaCl -ға қарағанда біршама төмен ерітеді.

5.8.5 Сұйық материалдардың еріткіштік қасиеттері олардың концентрациясына елеулі деңгейде қатысты. Концентрация жоғары болған сайын мұздың еру қарқыны жоғары болады. Ал концентрация азаятын болса, онда тұздықты қолдану мүмкіндігін беретін температуралық аралық та азаяды.

5.8.6 Қатты тұздардың ерітушілік мүмкіндіктері белгілі бір дәрежеде олардың түйіршіктік құрамына тәуелді болады. Мысалы, ұсақ түйіршікті ас тұзы, ірі түйіршіктіге қарағанда мұзбен әрекеттестікке өте тез түседі, бірақ біраз уақыт өткеннен кейін олардың еріткіштік мүмкіндіктері теңесе бастайды.

5.9 Тұздардың тиімді әсерін арттыру және олардың қармен немесе мұзбен реакцияға түсу уақытын қысқарту үшін хлоридтерді (мүмкін нитраттарды) шашар алдында қосымша

ылғалдандырады. Бұл жағдайда олардың шашу мөлшері 30-40%-ға төмендейді. Ылғалды тұздарды қолданудың екі әдісі бар: су немесе 25-30%-дық ерітіндіні қосу арқылы және су немесе 2,5-5,0% көлемінде реагент қосу арқылы.

5.10 Бірнеше реагенттен тұратын құрама қоспаларды көктайғаққа қарсы қолдану, материалдар әсерінің тиімділігін 50%-ға дейін арттырады және олардың қармен (мүзбен) реакцияға түсу жылдамдығын 2 - 2,5 есе арттырады.

5.11 Құм мен тұз қоспасының (12:88) құрамындағы химиялық реагенттер жол бетіндегі мүз жамылғысының ілінісу сапасын тиімді уақыт шамасына сәйкес 3 еседей арттырады.

5.12 Тұздың нығыздалу қасиеті келесі құбылысқа негізделеді: белгілі ылғалды-температуралық жағдайларда ол (тұз) өз бойына ауаның ылғалын сіңіріп алу (адсорбциялау) мүмкіндігіне бейім болады. Бұл құбылысты *гигроскопиялық* деп атайды.

5.13 Тұз ылғалданғыштық қасиетке гигроскопиялық нүктесі арқылы өтіп (гигроскопиялық шегіне жеткенде) ие болады. Ас тұзының бірқатар түрлері үшін температура 20⁰C болған кезде гигроскопиялық шек ауаның салыстырмалы ылғалдылығының келесі мөндеріне сай келеді: тас түріндегі тұз үшін 73-75%, көл тұзы үшін – 72-75%, қайнатып алынған тұз үшін – 70-75%, CaCl₂·2H₂O үшін - 22%.

5.14 Тұзды қатып қалудан сақтандырудың ең сенімді тәсілі – оны құрғату (ылғалдылығы 0,1%-дан аспайтын шамаға дейін жеткізу), ылғал өткізбейтін ыдыста немесе белгілі ылғалды-температуралық жағдайларда ұстау немесе жылу берілетін қоймаларда сақтау.

6 ХИМИЯЛЫҚ РЕАГЕНТТЕР ӘСЕР ЕТКЕН КЕЗДЕ ҚАРДЫҢ НЕМЕСЕ ҚАРЛЫ-МҮЗДЫ ТҮЗІЛУЛЕР ҚАСИЕТТЕРІНІҢ ӨЗГЕРІСКЕ ҰШЫРАУЫ

6.1 Қазақстан жолдарындағы көктайғақпен күресте химиялық реагенттерді таңдау үшін экономикалық негіздемеден тыс олардың физикалық-механикалық сипатына, жергілікті жердің ықпалды өзгерістеріне (ауа ылғалдығы мен тәуліктік өзгерісіне) ерекше мән берілуі тиіс. Өйткені, бұл жағдайда

ҚР Ұ 218-32-03

реагенттердің өз бойынан жылу бөлу сипаттылығы айрықша орын алады, әрі оның мөлшері бір-біріне еш ұқсамайды. Мысалы, хлорлы натрийдің NaCl еруі негізіндегі реакция эндотермиялық (теріс) болып, жылу бөлінісі баяу орындалады. Осының салдарынан хлорлы натрий хлорлы кальций мен магнийге қарағанда мұзды өте баяу ерітеді. Ал соңғы аталған реагенттердің реакциясы экзотермиялық (оң) болып саналады. Сондықтан олардың бойына жылу процесі де жылдам орындалады (б.1 кесте) [11].

б.1-кесте - Әртүрлі көктайғақтық реагенттердің бойынан берілетін жылу мөлшері

Химиялық реагенттер	Жылу бөліну тиімділігі	Қалыптық жағдайдағы еру кезіндегі жылу мөлшері, кал/г
NaCl	Теріс	20,5
CaCl_2	Оң	162,2
$\text{CaCl}_2 \cdot 2\text{H}_2\text{O}$	Оң	67,6
$\text{CaCl}_2 \cdot 6\text{H}_2\text{O}$	Теріс	20,9
MgCl_2	Оң	378,1
$\text{MgCl}_2 \cdot 6\text{H}_2\text{O}$	Теріс	16,7


6.2 Қар күйін анықтау үшін төменде келтірілген теңдеу қолданылады [11,12,13,14]:

$$\tau = \sigma \cdot \text{tg } \varphi + C \quad (2)$$

мұнда τ – қар қатандығын бәсеңдететін жанама берілу күші (мұздың төсемеге жабысу күші), МПа; σ – қарды жылжыту бағытына перпендикуляр әсер ететін нормалдық кернеуі (сығылу күші), МПа; C – қардың ілінісуі, МПа, $\text{tg} \varphi$ – қардағы ішкі үйкеліс коэффициенті.

6.2.1 Жаңа түскен қарға реагенттердің біршама мөлшерін ендірген кезде және оны үздіксіз араластырғанда, ішкі үйкеліс $\text{tg} \varphi$ коэффициентінің реагенттер әсерінен өз мәнін өзгертетіні анықталған, мысалы, қарға ендірілетін реагенттердің мөлшері

артқанда $tg\phi$ азаяды (6.1 сурет). Реагенттер мөлшері тұрақты болған кезде, қар температурасының төмендеуі $tg\phi$ мәнінің төмендеу қарқынына сайып келеді.




6.1 сурет – Реагенттің шашылым мөлшелерінің ішкі үйкеліс коэффициентіне қатынасы


6.2.2 Химиялық реагенттерді үздіксіз түрде қармен араластырғанда, температуралық жағдайлар өзгеріссіз қалатын болса, реагенттерді ендіргеннен кейінгі 3-6 сағат бойғы оның әрекеті іс жүзінде $tg\phi$ мәніне әсер етпейтіні анықталған. Сығылу кернеуі σ мен ығысу кедергісі, τ -дың координаталар басы арқылы өтетін түзулерге қатысты, олар арасындағы байланысты сипаттайтын сызықтық тәуелділігі анықталған (6.2 сурет).

6.2.3 Соныменен, $\tau=f(\sigma)$ графигі келесі қорытындыға келуге мүмкіндік тудырды: құрамында хлориді бар қардың ішкі ілінісі С нөлге тең шамамен, ал қардың әртүрлі температурасында алынған түзуге түсірілген көлбеу бұрышы $tg\phi$ шамасымен, яғни, ішкі үйкеліс коэффициентімен анықталады.

6.2.4 Қардың жол төсеміне жабысу (ілінісу) күші енгізілетін реагенттер мөлшері мен қар температурасына байланысты болады, демек, оның мәні қар температурасының өсуі мен реагент мөлшерінің артуына тікелей байланысты (6.3 сурет).



6.2 сурет – Қарбың сығылу күшінің жабысу күшіне қатнасы



6.3 сурет - Регенттің шашылым мөлшелерінің муздың жол бетіне жабысу күшіне қатнасы

6.3 С-ның өзгеруіне ауа (қар) температурасы елеулі әсерін тигізеді. Мысалы, ауа температурасының -1 -ден -18°C -қа дейінгі аралығында С-ның мәні II-III жол-ықылымдық аймақтарда 1,5-1,8 есе жоғары болады. Алайда Қазақстанның Солтүстігі мен Шығыс бөлігінде С-ның өзгеісіне осы аймақтарға тән ауа ылғалдығының төмендеуі ықпалын тигізеді. Сол сияқты ауа ылғалдығының өзгерісі жергілікті жердің геогрфиялық орны мен ықылымдық ерекшілігіне де тікелей байланысты. Сондықтан, бір шамалы ауа температурасының өзінде ылғалдылық әрбір қалаларда әртүрлі болатындығы белгілі. Мысаы, -5°C -та Шымкенттегі салыстырмалы ылғалдық 89%-ға, Өскеменде 62-67 %-ға жетеді, ал Петропавлда-55-60%, Алматыда-86%-ға дейін болады [14].

6.4 τ -дың мәні төменгі әсерлі (эндотермиялық) химиялық реагенттер үшін (NaCl) шашу нормасы 15-тен 35 г/м³ –қа дейінгі мөлшерде, ауа температурасы $-8-10^{\circ}\text{C}$ -та және салыстырмалық ылғалдық 65 % деңгейінде 1,87-3,08 МПа шамасында болады.

6.5 τ -дың II-III жол-ықылымдық аймақтағы эндотериялық реагенттерді шашу нормасы 55 г/м² [12,13] мөлшеріндегі мәні IV-V аймақтарға қарағанда 1,5 есе төмен болады [14].

6.6 Экзотермиялық реагенттердің (CaCl_2 , MgCl_2) қармен әрекеті мүлдем ерекше болады. Сондықтан мұндай материалдар IV-V аймақтарда пайдалануға өте икемді келеді. Әйткенмен олардың тиімді әсер уақыты өте қысқа – небәрі 3 сағат мөлшерінде. Бұл арада ауа температурасының төмендігі ерекше орын алады. Соның салдарынан реагент қармен толық реакцияласа алмай, нәтижесінде Қазақстанның Солтүстік пен Шығыс бөлігіндегі жолдарда қар тонданса өркеш-өркеш бұдырлар туындайды.

6.7 Реагенттерді мұзға ендіру мұздың жол жамылғысына жабыса қату күшін азайтумен қатар, құрамында реагенттері бар мұздың беріктігін де төмендетеді. Мұздың қату күші мен реагенттер әсерінен оның беріктігінің өзгеріске ұшырау сипаты мұз температурасы мен реагенттерді жол жамылғысына ендіру мөлшеріне (нормасына) байланысты болады. Бұл жағдайда, мұз түзілетін ерітіндінің құрамына реагенттердің шамалы мөлшері енгізілгеннің өзінде мұз беріктігінің айтарлықтай өзгеретіні

ҚР Ұ 218-32-03

анықталды (6.2 кесте).

6.2-кесте - Реагенттер әсерінен мұздың механикалық қасиеттерінің өзгеріске ұшырауы

Көрсеткіштер және реагент түрілері	Мұз температурасы, °С	Өңдеу нормасы, г/м ²			Таза мұз (көділгі)
		60	80	100*	
		Мұз түзетін ерітінді құрамындағы мөлшері			
		0,5	1,0	2,0**	
Жабысу күші, МПа	10-12				13,5
Сығылған кездегі беріктілік шегі, МПа	10-12				36,0
Қату күштері, МПа	10-12				
магний ацетаты		7,76	6,7	5,5	
хлорлы магний		6,90	5,5	3,0	
Сығылған кездегі беріктілік шегі, МПа	10-12				
магний ацетаты		21,50	18,5	10,3	
хлорлы магний		27,50	20,6	7,0	

* – жабысу күштерін анықтаған кезде

** – сығылу кезіндегі беріктілікті анықтағанда

6.8 Жоғарыда келтірілген шамаларды өзгерту арқылы төмендегідей берілімдер алынған:

6.8.1 Реагенттерді қарға ендіру оның тығыздығын арттырады. Себебі, реагенттермен араласатын қардың бір бөлігі ерітіндіге айналып, қардың жалпы көлемін азайтады. Қар массасының 1/250 бөлігіне тең мөлшердегі реагенттерді қосқан кезде оның тығыздығы 6-8%-ға артады. Егер құрамында реагенттері бар қар көліктердің доңғалақтары әсерінен араластырылатын болса, онда қар тығыздығы айтарлықтай шамаға көбейетін болады. Мысалы, автомобильдердің жүріс қарқындылығы 120 авт./тәулік болған кезде қар тығыздығы 30%-ға артады.


6.8.2 Тұрақты температурада реагенттер мен қар бір біріне

әсер еткен кезде соңғысының (қардың) ішкі үйкеліс коэффициентінің төмендеуі байқалады, яғни, шашылу мөлшері 10 г/м^2 дейін қолданылған реагент оның үйкеліс мәнін айтарлықтай шамаға төмендетеді, ал бұл мөлшерді одан әрі ұлғайтатын болсақ, одан ішкі үйкеліс коэффициентінің төмендеуі қарқыны көтерілмейді. Ендірілетін реагент мөлшерін тұрақты ұстасақ, қар температурасы төмендеген кезде реагенттердің ішкі үйкеліс коэффициентіне әсері де азаяды.

6.8.3 Көлік құралдары доңғалақтарының 3-5 сағат бойы қар мен реагенттерді араластыруы ішкі үйкеліс коэффициентіне шамалы ғана әсер етеді (6.1 сурет) [11,12,13]. Қар температурасы айтарлықтай төмен (-18°C дейін) болған кезде шашу мөлшері 10 г/м^2 реагент қардың ерітінді күйінде сақталуына өз әсерін бере алмайды.

6.8.4 Қарға реагенттерді қосу қар мен жол жамылғысы арасындағы ілінісу коэффициентін төмендетеді. $N=120-150$ авт./сағ. шамасындағы тәуелділік реагенттерді шашу тығыздығын 30 г/м^2 -ке дейін арттырғанда және қар температурасы -1°C -тан -18°C -қа дейін өзгергенде ілінісу коэффициентінің 2 есе азаятынын көрсетеді. Таза, яғни реагент қосылмаған қар температурасының төмендеуі ілінісу коэффициентін арттырады. Мысалы, қар температурасының -1°C -тан -18°C -қа дейін өзгеруі ілінісу коэффициентін 1,8 есе арттырады. Бұдан реагенттерді шашу мөлшері 30 г/м^2 болғанда ілінісу коэффициенті ауа температурасының өзгерісіне тәуелді емес екендігіне көз жеткіздік.

6.8.5 Ауа температурасы мен ендірілетін реагенттер мөлшері тұрақты болған кездегі қар қасиеттерін сипаттайтын көрсеткіштердің мәніне жолға түскен қар мөлшері айтарлықтай әсер ететін болады (6.4 сурет).



6.4 сурет - Шашу мөлшері 10 г/м^2 және ауа температурасы -5°C болған кезде ішкі үйкеліс коэффициентінің қар қабаты биіктігіне қатнасы

7 КӨКТАЙҒАҚҚА ҚАРСЫ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ХИМИЯЛЫҚ РЕАГЕНТТЕР ЖӘНЕ ОЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

7.1 Көктайғаққа қарсы химиялық тәсілді қолданған кезде пайдаланылатын материалдар қажеттілігіне қарай келесі түрлерге бөлінеді: көктайғаққа қарсы қолданылатын материалдар деп құрамында хлоридтер (кальций, магний, натрий, калий), нитраттар (амофос, нитрофос және т.б.) және ацетаттар (көмір қышқылды аммоний, ацетамид, магния ацетаты, техникалық карбонд және т.б.) бар, қар немесе тұзбан араласқан кезде еріткіштік қасиетке ие болатын түрлі материалдарды айтады; коррозия ингибиторлары – металдарды тотығудан (коррозиядан) сақтайтын, немесе, оның жылдамдығын бәсеңдететін заттар.

7.2 Физикалық күйіне қарай көктайғаққа қарсы қолданылатын материалдар қатты және сұйық түрлерге бөлінеді.

7.2.1 Қатты заттар — ас тұзы түріндегі хлорлы натрий мен сильвиниттік жыныс тұздары, қабыршақталған хлорлы кальций; фосфатты хлорлы кальций (ХКФ); қабыршақталған бишофит; құрамы (салмағы бойынша) 85-88% хлорлы-натрий тұздары

немесе сильвиниттік жыныс тұздарынан тұратын 12-15%-дық қабыршақталған хлорлы кальций, ХКФ, немесе бишофитті нығыздалып қалмайтын қоспа; нитрат-кальцийлі мочеви́на (НКМ); техникалық карбомид (мочевина); ацетамид; көмірқышқылды магний ацетаты және т.б.

7.2.2 Сұйық түрлерге жер астынан алынатын табиғи немесе жасанды заттар, көлден алынатын заттар, өндіріс қалдықтары, өндіріс өнімдері жатады .

7.3 Өндірілу көздеріне байланысты көктайғаққа қарсы қолданылатын реагенттер төмендегі топтарға бөлінеді: өнеркәсіптік өндіріс өнімдері — өнеркәсіп орындары шығаратын кальцийдің, магнийдің, натрийдің техникалық хлоридтер мен қатты күйдегі техникалық карбомид (мочевина); табиғи материалдар — құрамында негізінен басқа заттармен араласқан хлоридтер бар табиғи кен орындарынан алынатын қатты материалдар, құрамында кейбір табиғи көлдердің, мысалы Балқаш пен Арал суының хлориді басым болатын концентрациясы жоғары су ерітінділер (тұздықтар), сонымен қатар, мұнай кен орындарының пласттық суы; өндіріс қалдықтары — құрамында концентрациясы жоғары хлоридтер бар, кейбір өнеркәсіп орындарының қатты және сұйық күйдегі қалдықтары.

7.4 Өнеркәсіп орындары өндіретін көктайғаққа қарсы қолданатын реагенттер.

7.4.1 Хлорлы натрий (NaCl) көктайғаққа қарсы қолданылатын кеңінен таралған материал, ол негізінен ұсақ кристалды және ұнтақталған тұз түрінде пайдаланылады. Қазақстан Республикасының Қызылорда мен Павлодар облыстарында орналасқан кәсіпорындарда Қаз ССР РСТ 241-77 бойынша түйіршіктерінің өлшемі 40 мм-ге дейінгі іртік тұз және №3 ұнтақталу өлшеміне (түйіршігінің кем дегенде 85%-ы 4,5 мм-ден ұсақ) сай келетін ұнтақталған техникалық ас тұзы өндіріледі.

Техникалық тұзды тұтынушыға негізінен қаптамай апарды. Жауын-шашын әсерінен ылғалданғанда немесе қоймадағы ауаның ылғалдылығы жоғары (70% жоғары) болғанда тұз нығыздалып қалады, сол себепті оны құрғақ қоймада сақтайды. Нығыздалып қалудан сақтандыру үшін хлорлы натрийге қоспаның жалпы

салмағының 10-12% мөлшерінде хлорлы кальций қосады.

7.4.2 Хлорлы техникалық магний (бишофит) $MgCl_2 \cdot 6H_2O$ МЕСТ 7759-73 бойынша шығарылады. Бишофит кристаллдары ауданы 0,5-тен 5,0 см²-қа дейін болатын жүқа (1-2 мм) пластинка пішінді, сұрғылт зат. Бишофитті тұтынушыларға полиэтилен қапқа немесе жұмсақ контейнерлерге салып жеткізеді және осылайша аталмыш гигроскопиялық материалды ауада ылғалданудан қорғайды. Бишофит тек қолданар алдында ғана ыдыстан шығарылуы тиіс.

7.4.3 Хлорлы техникалық кальций $CaCl_2$ МЕСТ 460-77 бойынша түйіршікті, қабыршақты және ұнтақ түрінде шығарылады. Көктайғаққа қарсы қолданылатын ең жақсы материал қабыршақталған хлорлы кальций, оның пластинкасының өлшемі 15 мм және қалыңдығы 1 мм. Олар ұнтақталған өнім түрінде де қолданылады. Хлорлы кальций өте гигроскопиялы болады, сондықтан ол ауадағы ылғалды бойына тез сіңіріп алады да, нәтижесінде қоймалжың масса күйіне ауысуы мүмкін. Сол себепті оны полиэтилен қаптардаа (қабыршақты болса) және металл дүңгіршіктерге (ұнтақ болса) сақтайды. Хлорлы кальций тек қолданылар алдында ғана ыдыстан шығарылғаны абзал.

7.4.4 Фосфатталған хлорлы кальций (ХКФ) – қыс мерзімінде көктайғақпен күресу үшін арнайы шығарылатын өнім. Ол құрамына 4-6% фосфат қоспасы бар қабыршақталған хлорлы кальций түрінде болады.

7.4.5 Көктайғаққа қарсы қолданатын табиғи және қатты күйдегі реагенттер.

Материалдардың бұл тобына басқа мақсаттарға аз пайдаланылатын, әрі қосымша өңдеусіз-ақ жарамды қарапайым түрде көктайғаққа қарсы қолданылатын әр түрлі табиғи материалдар жатады.

Павлодар облысының бірқатар көлдерінен өндірілетін “Гранатка” атты табиғи ас тұзы өлшемі 2,0-2,5 мм, көлдегі лайлы тұнбалармен ластанған, хлорлы натрий кристаллдары түрінде болады. Тұз түйіршіктерінің бетінде сазды “ораманың” болуы оны көктайғаққа қарсы материал ретінде қолдануға бөгет жасамайды, онымен қоймай, сақтаған кездегі оның нығыздалу

қасиетін төмендетеді.

7.5 Көктайғаққа қарсы қолданатын — сұйық күйдегі табиғи материалдар.

Материалдардың аталмыш тобына табиғи (жер асты және жер бетіндегі) және жоғарғы дәрежеде минералданған сулар-тұздықтар жатады. Көктайғақпен күресу үшін төмендегідей деңгейлі хлорлы тобқа жататын минералдық тұздықтар пайдаланылады:

күшті	150-300 г/дм ³ ;
айтарлықтай күшті	300-500 г/дм ³ ;
шекті мөлшерде қаныққан	500 г/дм ³ жоғары.

Тұздықтағы натрий, магний және кальций хлоридтерінің жалпы мөлшері кем дегенде 150 г/дм³ болуы тиіс.

Қазақстан аумағында табиғи тұздықтар ретінде Ембі және Маңғыстау мұнайлы аймақтарындағы жер асты сулары мен көптеген тұзды көлдердің (Балқаш, Арал және т.б.) суын пайдалануға болады.

Ескерту. Хлорлы-натрийлі тұздақтарды қолданған кезде міндетті түрде олардың тығыздығы тексерілуі тиіс. Тығыздықты денсиметр арқылы анықтайды (В-қосымша). Егер тұздықтың тығыздығы 1,1-ден төмен болса, онда олар жарамсыз болып табылады, өйткені мұның салдары қар мен тұздық арасындағы концентрацияның төмендеуіне әкеліп соқтырады да, жолдағы тойғақтың одан бетер үдей түсуіне жол беріледі.

7.6 Өнеркәсіп қалдықтары.

7.6.1 Пайдаланылған хлорлы калий электролиті Өскемен титан-магний комбинатының қатты қалдықтарына жатады. Мұндай, түйіршіктерінің мөлшері 5 мм-ден төмен, сұр түсті ұнтақ түріндегі хлорлы калий электролиті ТЖ 118 ҚР 155-93 талаптарына сәйкес өндіріледі. Ол кездеседі. Оны елді мекендерден тыс жатқан I-IV категориялы автомобиль жолдарындағы көктайғақпен күрес шараларында қолданады.

7.6.2 Сұйық күйде кездесетін көктайғақтық қарсы қолданылатын материалдарға Өскемен титан-магний комбинатының қалдығы — хлорлы кальцидің

түссіздендірілмеген ерітіндісі де жатады. Ерітіндінің құрамына $180-250 \text{ г/дм}^3$ хлорлы кальций, және 10 г/дм^3 -қа дейін басқа заттардың, негізінен сульфиттердің қоспасы енген.

7.7 Көктайғаққа қарсы қолданылатын әрбір затты белгілі бір температураға дейін ғана пайдаланады, ал одан төмен температураларда олардың техникалық-экономикалық тиімділігі төмендейді. Мысалы, ас тұзы мен сильвиниттік жыныстан алынатын техникалық тұздарды -10°C -тан жоғары; қабыршақтанған CaCl_2 мен ХКФ-ті -25°C -қа дейінгі; 92:8 қатынасы бойынша NaCl мен CaCl_2 қоспасын -12°C -қа дейінгі; минералдылығы 250 г/л құрамында хлорлы натрийлі табиғи тұздықты -8°C -қа дейін; 35%-дық MgCl_2 ерітіндісі мен 32%-дық CaCl_2 сұйық ерітіндісін -15°C -қа дейінгі температурада қолдану тиімсіз. Осы температуралық шектер аталмыш заттардың судағы ерітіндісінің эвтектикалық (төменгі) қату нүктесін есепке ала отырып берілген.

7.8 Хлорлы натрий мен кальций температура $-5(-6)^{\circ}\text{C}$ болған кезде мұзды ең көп мөлшерде еріте алады. Температура төмендеген сайын ерітілетін мұз мөлшері де азаяды, демек, -10°C төмен болса мұз шамалы ериді. Мысалы, температура $-1,8^{\circ}\text{C}$ болғанда тұздың 1 г мұздың 33 г , $-6,4^{\circ}\text{C}$ болғанда $9,4 \text{ г}$, ал -10°C төмен болса не бәрі 6 г ерітеді.

8 КӨКТАЙҒАҚТЫҚ ХИМИЯЛЫҚ РЕАГЕНТТЕРДІ ШАШУ МӨЛШЕРІ

8.1 Көлік құралдары доңғалақтарының тікелей әсерінен реагенттер мен қар әрекеттестігі ұлғайып, қардың ішкі үйкеліс коэффициенті $\text{tg}\phi$ өзгереді. Реагенттер 10 г/м^2 -қа дейінгі мөлшерде енгізілген жағдайда бұл коэффициент айтарлықтай өзгеріске түседі. Реагент шашу мөлшерін одан ары өсіру ішкі үйкеліс коэффициентінің төмендеуіне апарып соқтырады (6.1 сурет) [12].

8.2 Егер қар температурасы өте төмен (-18°C -қа дейін) жағдайдағы шашу мөлшері 10 г/м^2 немесе одан да аз мөлшерде болса, онда бұл шама оның қасиетіне еш өзгеріс келтіре алмайды. Алайда, қар температурасы $-1-3^{\circ}\text{C}$ болғанда реагенттердің

мөлшерін 6 дан 46 г/м²-қа көбейту ішкі үйкеліс коэффициентін 2 есеге дейін төмендету мүмкіндігіне қол жеткізеді.

8.3 Жабысу күшінің (τ) шамасына қар температурасының әсері өте зор. Мысалы, таза қар температурасы -1°C -тан -18°C -қа дейін өзгерген жайттарда τ -дың мәні 1,8 есеге өседі. Сөйтсе де, қардың (ауаның) төменгі температураларында және шашу мөлшерінің 30 г/м²-тық деңгейінде реагент қолданылған болса, онда жабысу күшінің бұл әсерлерлерден тәуелділігі тым аз болады.

8.4 Егер мұз туындыларының қалыңдығы 20-25 мм аспаса, онда мұз бетіне шашылған реагенттердің ірі кристаллдары арқылы мұздың жабысу күшін азайтуға мүмкіндік жоғары болатындығы анықталған.

Мұз бетіне түсетін реагент кристаллдары жол бетіне түскен мұздың белгілі бір көлемін бірте-бірте ерітеді де, оның қабатында бойлық өзекше туындатады. Осылайша пайда болған ерітінді ішіндегі кристалл жол төсемесінің бетіне бойлай жеткен кезде, онымен шекаралас қатқан мұз қатандығы біртіндеп бұзыла бастайды. Егер реагенттердің шашу нормасын 200 г/м²-тан асыратын болсақ және олардың кристаллдарының өлшемі $10 > K > 7$ мм жетсе, онда жабысу күшінің азаюын қажетті шамаға жеткізу мүмкіндігіне жетеміз.

8.5 Көктайғаққа қарсы қолданылатын материалдардың шашу мөлшері (Д қосымша) оның мұзға немесе тапталған қарға тез әрі тиімді түрде әсер етуі мен олардың жұмсарған күйге ауыстыру есебіне үлкен септігі бар, әрі мұндай тәсілмен жұмсарған қар мен мұз қартазалағыш машиналар арқылы жол төсемі бетінен еркін аршылады, сонымен қатар, шашу мөлшерін анықтаған кезде тұздардың жол жағалауына егілген ағаш-бұталарға теріс әсер етуінің шектеу шамасын да есепке алуға мүмкіндік береді.

8.6 Химиялық реагенттерді ауа температурасы құбылмалы және салыстырмалық ылғалдық деңгейі төмен аймақтарда қолдану айталықтай қолайлы емес. Егер жол мекемелерінде қарды кезекші (алдын алу) әдіспен тазалау техникалары жеткіліксіз болса, онда бұл тәсілді қолдану мүлдем болмайды.

8.7. 8.1 кестеде химиялық реагенттерді ықпалды (климаттық) жағдайлары құбылмалы аймақтардағы жолдарда

ҚР Ұ 218-32-03

алдын алу әдісін қолданудың технологиялық ерекшеліктері, шашылым нормасы мен пайдалану аумағы берілген [14].

8.1-кесте - Көктайғақтық химиялық реагенттерді Қазақстанның III-V жол-ықылымдық аймақтарындағы жолдарда алдын алу әдісімен шашу нормасы

Шаралар	Шашу тәсілі		
	Кезекші (алдын алу)	Апаттық	Аралас
Шашу нормасы, г/м ²	1 мм жауын есебімен II-III аймақтарда – 15-35, IV-V-35-50. Қазақстанның Солтүстік пен Шығыс бөліктерінде -10°C-тан төмен ауа температурасында пайдалану тиімсіз	II-III аймақтарда қолданылмайды; IV-V аймақтар үшін 1 мм-лік жауын есебімен – 350-450	а) тұз аралас күм (12:88) үшін – 300-350; ә) өртүрлі реагенттер қоспасы үшін – 35-55
Қолдану аумағы	“Осал жер” телімдерінде (оқыс еңістер, қауіпті бұрылыстар т.б.); қиыспаларда; қиыспа аралықтарында; тротуарларда; қоғамдық көліктер аялдамаларында	Беттік су ағымы қалыпты даңғыл жолдарда; реттелме-лі қиыспаларда; N _п >900 ад/сағ жаяу жүргіншілер жолдарында; автодаңғылдар мен жүрдек қозғалысты жолдардағы “осал жер” телімдерінде	а) қиыспаларда тұзды күм қоспаларында; қарқындылығы N _п =500-300 авт/жолдарда; N _п <900 ж.ж/с. тротуарларда; лапас астында сақталатын төк-пе материалдар құрамында
Қолданылмайтын аумақтар	Темірбетон көпірлер мен өткелдерінің қозалыс бөлігінде; т/ж өткелдеріне кіре берістерде; трамвай желілері қатар жатқан жолдарда; аспалы жаяу жүргіншілер өткелдерінде	Бойлық немесе қолденең беттік су ағымы қалыптаспаған жолдарда; N _{тп} <450-500 авт/с жолдарда; аспалы жаяулар, т.с.с. өткелдерде; трамвай желілерімен қатар жатқан жолдарда; т/ж өткелдеріне кіре берістерде	Тұз аралас күм-ды I-II тех. кате-гориялы жолдарда пайдалануға; магистрал-дық және жүр-дек қозғалысты көшелердің аралық бойында; көпірлер мен өт-келдердің қозғалыс бөлігінде; трамвай же-лілерімен қатар жатқан жолдарда

8.8 Әдетте жамылғы бетіндегі ылғалдық автомобильдердің қозғалыс қарқындылығы салдарынан ауа ылғалдығына қарағанда біршама (30%-дай) жоғары болады. Көп жағдайларда бұл аралықта IV-V жол-ықылымдық аймақтардағы жамылғы бетіне тығыздығы $\rho=0,500-0,750 \text{ т/м}^3$ -ке жететін қатқыл мұз қабыршығы туындай бастайды. Ал осындай қалыңдығы 3 мм-ге дейінгі жұқа қабыршықты қатқыл мұзды механизациялық немесе химиялық алдын алу әдісімен жою мүмкін емес жайт, сондықтан, мұндайда химиялық реагенттерді апаттық әдіспен (жоғарғы нормада) шашу арқылы аталмыш тайғақ түрін кетіруге болады. Бұл жағдайда реагенттердің шашылу нормасы қардың ылғалдығы мен қалыңдығына, ауа температурасына және реагенттің еріткіш қасиетіне тікелей тәуелді болады [14,16,17].

8.9 Қалыңдығы 2 мм-ге дейінгі және $\rho=0,800-0,900 \text{ т/м}^3$ мұз қабыршықты ауа температурасының 1-ден 3 °С-қа дейінгі аралығында эндотермиялық реагенттера арқылы $70-90 \text{ г/м}^2$, ал экзотермиялықтар үшін $30-50 \text{ г/м}^2$ шашу тығыздығымен толық жоюға мүмкіндік бар.

Осы тығыздық бойынша ($\rho=0,900 \text{ т/м}^3$) қалыңдығы 5 мм-ге дейінгі мұз қабыршыққа шашылатын химиялық реагенттер тығыздығы эндотермиялықтар үшін – $190-230 \text{ г/м}^2$, ал экзотермиялықтар үшін – $90-130 \text{ г/м}^2$ -қа дейін жоғарлайды. Егер ауа температурасы $-3-5^\circ\text{C}$ -қа дейін төмендесе, онда бұл норма 5 мм-ік мұз қабыршық үшін тиісінше $320-380$ және $240-280 \text{ г/м}^2$ -қа көтеріледі.

8.10 Ауа температурасы төмендеген сайын химиялық реагенттердің еріткіштік қасиеттері олардың эвтектикалық түктелеріне қатысты сипатталады. Сонымен қатар, ауа температурасы -2°C -тан -6°C -қа төмендеген жағдайда хлорлы натрийдің шашылу тығыздығы 2,3 есе, хлорлы магнийдікі 3,08 есе және хлорлы кальцийдікі 2,29 есе жоғарлап кететіндігі басты назарда болуы абзал.

9 КӨКТАЙҒАҚТЫҚ ХИМИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ

9.1 Химиялық тәсілдердің тиімділігі көп жағдайда оларды пайдалану технологиясына байланысты болады. Жұмыс технологиясын және химиялық заттарды шашудың тиесілі мерзімдерін дұрыс қадағалаған жағдайларда қысқы көктайғақты тезарада жоюға мүмкіндіктер зор болады.

Қысқы көктайғақты химиялық тәсілмен жою ісіне көктайғақ пайда бола бастағаннан бастап кірісу керек. Жұмыстың тыңғылықты жүруіне жергілікті жердің ауа-райы құбылыстары мен жол төсемесінің сапалығы есепке алынады. Атап айтқанда, ауа температурасы мен ылғалдығы, тайғақтың түрлері мен оның қалыңдығы анықталуы тиіс. Бұл мәліметтердің химиялық заттарды шашу мөлшерін анықтау шарасында зор үлесі бар.

9.2 Қар қарқынды жауған кезде, яғни, жол бетіндегі қардың қалыңдығы 5 см-ден асатын болса, онда химиялық тәсілді қолдану тиімсіз болады, бұл, әсіресе, бір-бірімен жабыспайтын, морт кристалды құрғақ қарлар үшін дәлелрек сайып келеді. Өйткені мұндай қарларды қатты желдің өзі-ақ жол бетінен тез арада ұшырып әкете алады. Өйткені, аталмыш құрғақ қар қозғалыстағы автомобильдер салмағанан еш таптала қоймайды және мұндай құбылыстар ауа температурасының төмен, әрі құрғақ шақтарында жиі болып тұратын құбылыс. Бұл кезеңде химиялық реагенттерді пайдалану еш тиімді емес.

9.3 Егер қар пішіні ірі, мақта тәрізді, бір-біріне тез жабысатын, илемділігі жоғары болып түссе, онда ол автомобиль доңғалақтарының механикалық әсерінен тез тапталып, қарлы-мұзды қабыршаққа жылдам айналады. Қардың нығыздалу процесі автомобильдердің жүріс қарқындылығы жоғары (тәулігіне 3000 авт. астам) болған кезде орын алады. Бұл жағдайда қарды қалақты-сыпыртқылы қар тазалағыштармен жинау аса тиімді емес, себебі мұндай технологиялық процестер жол бетіндегі қарлы-мұзды туындыларды толық арши алмайды. Сондықтан, химиялық тәсіл осындайда орасан орын алады.

9.4 Химиялық реагенттердің технологиялық тәсілін қысқы көктайғақтың туындау жағдайларына байланысты, сонымен

қатар, пайда болған қарлы-мұзды туындылардың түрлерін нақты есепке ала отырып таңдайды. Егер жол бетіне жаңбырдан кейінгі сублимациялық жұқа мұз үлдірі түскен болса, онда мұндайда тек химиялық тәсілді қолданған өте тиімді болады.

Мұндайда химиялық реагенттердің кристалл немесе сұйық түрлері қолданылады. Бұл заттарды қолдану мұз қабыршағының толық еруін қамтамасыз ететін мөлшерлермен шашылуы тиіс.

9.5 Жұқа мұз қабаттарын жою кезіндегі ең жақсы нәтижеге ұсақ түйіршікті тұзды немесе хлорлы кальцийдің қабыршақтарын шашуда қол жеткізуге болады. Мұндайда ірі түйіршікті тұздың қажеттілігі шамалы. Өйткені, ірі түйіршікті тұздар толық еріп үлгерместен-ақ қозғалыстағы автомобильдердің екпінімен жол жиегіне ысырылып тасталады.

9.6 Қарлы-мұзды туындыларды кетіру технологиясы жұқа мұз қабаттарын жою кезінде қолданылатын технологиядан мүлде бөлек. Мұндағы технологиялық процесс келесі операциялардан тұрады: 1) химиялық заттарды туынды бетіне біркелкі шашу; 2) біраз уақыт күту. Осы шақта қозғалыстағы автомобиль доңғалақтары әсерінен реагенттер мен қарлы-мұзды туынды қабаттары арасындағы реакция жеделдей түседі; 3) жолдың жүру бөлігінде пайда болған жібісген қоймалжың түрдегі қар массасын қалақты-сыпыртқылы қар тазалағышпен жинайды. Бұл технологияны қолданған кезде автомобильдер нығыздап тастаған жаңа түскен қар қабаты толық ерімейді, тек қана жол жамылғысындағы қарды күреп жинау мүмкіндігін беретін жағдайға дейін қосытылатын болады. Қарлы-мұзды қабаттың ішіне енетін тұз ерітіндісі кристалл беттерін жібісіткен кезде, оны біраз ерітеді, сол кезде кристалл араларындағы байланыс ыдырайды, ал ол болса – нығыздалған қабаттардың құрылымын бұзады.

9.7 Жол төсемінің бетіне қар түсуіне және қарқынды көліктік қозғалыстарға байланысты міндетті түрде пайда болатын қарлы-мұзды туындылардың алдын алу үшін – жолды түскен қардан дер кезінде сапалы аршу керек. Алайда, қарды тек механизациялық әдіспен ғана аршу мүмкіндіктегі іс емес. Осыған орай жаңа түскен қарды тиімді тазалаудың жаңа технологиясын әзірлеу жолға қойылған. Бұған қар жауыны кезінде көктайғаққа қарсы

химиялық заттарды шашу арқылы қол жеткіземіз, яғни, химиялық реагентті қолдану сәтінде жол төсемінің бетіне түскен қар автомобиль доңғалағы әсерінен нығыздалу қасиетінен айырылады, осылайша қарлы-мұзды туындардың пайда болуына жол берілмейді.

9.8 Шашылған қатты хлорид түйіршіктері жол бетіндегі қармен реакцияға түсу арқылы, оны ерітіп, қоймалжың түрге келтіреді де, физикалық-механикалық қасиеттерін күрт өзгертеді. Бұдан жібсіген қардың ішкі үйкеліс коэффициенті, кристаллдардың бір-бірімен әсері және жол жамылғысымен ілінісу шамасы төмендейді. Хлоридтармен өңделген қар үгітілгіш келеді. Олардың сыртқы күштердің әсерінен нығыздалуы төмен, доңғалақтың арасынан ығысып шығуы мен қалақты-сыпырқылы қар тазалағыштардың тазалауына икемділігі аса жоғары. Реагенттер қармен қарқынды араласқан сайын аталмыш қасиеттер тез және жақсы көрініс береді.

9.9 Қарға ендірілетін реагенттердің мөлшері жолдың қозғалыс бөлігіндегі қар көлемінен 100-1000 есе аз болуы тиіс. Осы мақсаттар үшін іс жүзінде қар қалыңдығы 30-40 мм болған кезде, жолдың әрбір шаршы метріне 20-30 г мөлшермен реагент қолданылуы жеткілікті болады.

9.10 Жаңа түскен қарды жинаған кезде хлоридтерді пайдалану іс жүзінде көктайғақтың алдын-алу шаралары болып табылады. Бұл тәсілдің көмегімен қарды сапалы жинау үшін технологиялық процестердің орындалу деңгейі зор мұқияттықпен қадағалап отырылуы тиіс. Аталмыш жұмыстардың технологиялық орындалу кезектері: қар түсе бастағанда оның қалыңдығының 5 мм шамасына жетуін күту; химиялық реагенттерді шашу; автомобиль доңғалақтары әсерінен реагенттер мен қардың араласуын қадағалау; реагент жіпсіткен қарды жинау.

9.10.1 Аталмыш технологиялық процестің бастапқы сатысы болып табылатын, күту процесі — реагенттердің сапалы бекуі мен жедел еруі және, сонымен қатар, бос ерітінділердің пайда болуына жол бермеу үшін қардың жұқа қабатын қалыптастыру қажеттілігін қарастырады. Жаңа түскен қардың қалыңдығы шамамен 5 мм болуы тиіс екендігі қадағаланады. Жауу қарқындылығы 0,5 мм/сағ (суға шаққанда) қардың аталмыш

қалыңдығы 30-45 минут аралығында пайда болады, ал қарқындылық өскен сайын қардың талаптық қалыңдылығы (5 мм) тезірек қалыптасады. Демек, қардың түсу қарқындылығы мен қар қабатының өсуіне қатынасты уақыт – 15-45 минут аралығында болады.

9.10.2 Егер қарқындылығы 1 мм/сағ-қа дейінгі қардың түсу ұзақтығы созылатын болса, онда қарды күреу ісін хлоридті шашқаннан кейінгі 2-3 сағаттан соң бастау керек, ал қар одан да қалың және ұзақ жауатын болса, онда қарды химиялық өңдеуден толық өткізгеннен кейін аршиды. Осы тәртіпті қардың түсу толық тоқтағанға дейін қадағалайды.

9.10.3 Реагенттермен өңделген қардың түні бойы жиналмай қалуына қандай жағдайда болсын жол бермеу керек. Өйткені ауа температурасы төмендеген сайын ылғалды қардың қатып қалу мүмкіндігі жоғарлайды да, мұның салдары жолды қардан аршу қиындығына апарып соқтырады.

9.10.4 Реагенттерді қарға шашу мөлшері ауа температурасы мен қар түсу қарқындылығына байланысты болады. Осы мәліметтер бойынша қар тазалау технологиялық процесі үш тәртіппен бөлінеді [11-15]:

I-тәртіп – қардың түсу қарқындылығы 0,5-1 мм/сағ (су есебімен);

II-тәртіп – қардың түсу қарқындылығы 1-3 мм/сағ;

III-тәртіп – қардың түсу қарқындылығы 3 мм/сағ-тан артық.

9.10.5 Қар тазалаудың кешендік механизациялы технологиялық процестерінің негізгі көрсеткіштері 9.1 және 9.2 кестелерде келтірілген [12,13].

9.1-кесте - Кристалды реагенттерді қолдану арқылы қар тазалау технологиялық процестерінің негізгі көрсеткіштері

Технологиялық тертіп	Қардың түсу қар-қындылығы, мм/сағ.	Қар температурасы, °С	Реагенттерді шашу мөлшері, г/м ²	Процесс ұзақтығы, сағ.				
				Күту	Өңдеу	Аралық	Қыру және спыру	Барлығы
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Бірінші технологиялық қайталаным								
I	0,5-1	> -6°С	15,0	0,75	1	3	3	7,75
		-6-дан -18°С дейін	25,0					
		< -18°С	35,0					
II	1-3	> -6°С	15,0	0,25	1	-	3	4,25
		-6-дан -18°С дейін	25,0					
		< -18°С	35,0					
III	3 жоғары	> -6°С	15,0	0,25	1	-	1,5	2,75
		-6-дан -18°С дейін	25,0					
		< -18°С	35,0					
Кейінгі қайталанымдар								
I	0,5-1	> -6°С	15,0	-	1	3,75	3	7,75
		-6-дан -18°С дейін	25,0					
		< -18°С	35,0					
II	1-3	> -6°С	15,0	-	1	0,25	3	4,25
		-6-дан -18°С дейін	25,0					
		< -18°С	35,0					
III	3 жоғары	> -6°С	15,0	-	1	0,25	1,5	2,75
		-6-дан -18°С дейін	25,0					
		< -18°С	35,0					

9.2-кесте - Тұз бен құм қоспасын пайдаланған кездегі қар тазалау технологиялық процессінің негізгі көрсеткіштері

Технологиялық тәртіп	Қардың түсу қарқындылығы, мм/сағ.	Қар температура- турасы, °С	Шашу мөлшері, г/м ²	Процестің ұзақтығы, сағ.				
				Күту	Өңдеу	Аралық	Қыру және спыру	Барлығы
Бірінші технологиялық қайталаным								
I	0,5-1	> -6 ⁰ С	200,0	0,75	2	3	2	7,75
		-6-дан -18 ⁰ С дейін	300,0					
		< -18 ⁰ С	400,0					
II	1-3	> -6 ⁰ С	200,0	0,25	2	-	2	4,25
		-6-дан -18 ⁰ С дейін	300,0					
		< -18 ⁰ С	400,0					
III	3 жоғары	> -6 ⁰ С	200,0	0,25	1,5	-	1,5	3,75
		-6-дан -18 ⁰ С дейін	300,0					
		< -18 ⁰ С	400,0					
Кейінгі қайталанымдар								
I	0,5-1	> -6 ⁰ С	200,0	-	2	3,75	2	7,75
		-6-дан -18 ⁰ С дейін	300,0					
		< -18 ⁰ С	400,0					
II	1-3	> -6 ⁰ С	200,0	-	2	0,25	2	4,25
		-6-дан -18 ⁰ С дейін	300,0					
		< -18 ⁰ С	400,0					
III	3 жоғары	> -6 ⁰ С	200,0	-	1,0	0,25	1,5	2,75
		-6-дан -18 ⁰ С дейін	300,0					
		< -18 ⁰ С	400,0					

Ескертпе. Шашу мөлшері қоспа құрамындағы реагенттердің салмағы бойынша 8% шамасында берілген.

9.13 IV-V жол-ықылымдық аймақтағы тайғақтыққа қарсы қолданылатын химиялық әдіске қойылатын технологиялық талаптар төменде келтіріледі:

- реагентті шашу мен қар түсу уақытының ұзақтығын қатаң бақылау;
- қар тазалауды толық механикаландыруды жүзеге асыру, немесе егер, қар ұзақ уақыт бойы жауатын болса: II-III жол ықылымдық аймағы үшін 3-5 сағат сайын, ал IV-V аймағы үшін 1-3 сағат сайын қайтадан реагент шашуды қамтамасыз ету;
- механизация ісі жеткіліксіз болса немесе болмаса тайғақтықтың алдын-алу әдісі қолданылмайды;
- автомобиль жолдарының өтпек бөлігі мен қала көшелеріне реагенттерді қолмен шашуға рұқсат берілмейді;
- механикалық тәсілмен тазалау мүмкін болмаса немесе оның технологиялық мүмкіндігі шектеулі болса (өтпек жер болмаса және т.б.) ғана апаттық әдістерді қолданады;
- ҚТҚ мен аралас материалдар композициясын қатаң арнайы рецепт бойынша әзірленеді.

10 ХИМИЯЛЫҚ РЕАГЕНТТЕРДІҢ ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘКЕЛЕТІН ЗИЯНДЫ ӘСЕРІН ТӨМЕНДЕТУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ШАРАЛАР

10.1 Күннен-күнге күшейіп келе жатқан қоршаған ортаны қорғауды күшейту жөніндегі талаптар көктайғаққа қарсы химиялық реагенттердің жол жағалауындағы топырақ пен өсімдік әлеміне келтіретін теріс әсерін азайту жөніндегі шараларды сөзсіз орындау қажеттігін тудырады.

10.2 Көктайғақтың және шаң-тозаңға қарсы қолданатын химиялық заттардың әсерін бағалау үшін келесі қағидалар қабылданған (10.1 кесте) [14,15]:

- максимальды әсерсіз концентрация (МӘК) — ұзақ уақыттық ықпалы организмге теріс немесе қоздыру әсерін тигізбейтін, заттың ең жоғарғы концентрациясы;
- шектік мөлшерлі концентрация (ШМК) — орташаландырудың белгілі бір уақытына жататын заттың ең жоғарғы

концентрациясы, ол бойынша зат организмге қайталанбалы немесе өмір бойы ықпал ететін болса, оған, кейінірек орын алуы мүмкін салдарларды қоса ескерсек те, зиянды әсер етпейді;

10.1-кесте - Көтайгаққа қарсы қолданатын заттардың қоршаған ортаға әсерін бағалау жөніндегі жалпылама критерий

Р/н	Объект	Зат	Концентрация деңгейі			
			МӘК ¹	КК	ПК	ЖК
1	Қар	NaCl, кг/м ²	0,2	0,3-0,5	0,75-1,0	1,5
		Cl, г/м ²	5,0	7-15	20-50	75
2	Орталықтарндырған түрде сумен қамтамасыз етуге арналған су көздеріне түсетін қар және жерасты сулары	Cl, мг/л	350	–	–	–
		Ca ⁺² , мг/л	180	–	–	–
		Mg ⁺² , мг/л	120	–	–	–
		Құрғақ қалдық, мг/л	1000	–	–	–
		Жалпы қат-тылығы, мг.экв./л	7,0	–	–	–
3	Топырақ (0-30 см)					
а)	Орман және аралас орман аймағы:					
	шөптесін	Cl, %	0,005	0,007-0,015	0,02-0,03	0,04
	бұта-тоғайлы	Cl, %	0,01	0,02-0,03	0,04-0,06	–
б)	Дала аймағы:					
	шөптесін	Cl, %	–	0,04	0,07-0,01	0,15
	Ағашты	Cl, %	–	0,30	0,60	–
4	Шаң					
а)	Атмосфералық ауа	Улы емес шаң, мг/м ³				
		а) бір реттік	0,15	–	–	–
		б) тәуліктегі орташа	0,15	–	–	–
б)	өсімдіктер		0,5	1,0	2,5	–
5	Шаң-тозаңға қолданылатын өсімдіктер:					
а)	шөптесін	+CaCl ₂ , г/м ²	10-25	30-75	100	150
		*рапа, л/м ²	–	–	1,5	–
		*пласт суы, л/м ²	–	1,5	–	–
б)	Ағашты	рапа, л/м ²	–	–	–	1,5
		Пласт суы, л/м ²	–	1,5	–	–

Ескерту: 1 – су мен шаң үшін концентрация деңгейі ШМК шамасында берілген. 2 – қар қабатының бүкіл қалыңдығына қатысты есептелген.

- ықпалдық концентрация (ЫК) — аталмыш концентрация орын алған кезде, оның ықпалындағы биомассаның жинақталуы мен өсуі және басқа басқалар кеңістіктіктік (фондық) организмдермен салыстырғанда 20%-тен астам болады;
- критикалық концентрация (КК) — аталмыш концентрацияда кезінде заттың организмге деген теріс әсерінің бастапқы көріністері орын алады, атап айтқанда: организмнің дамуы өзгереді, оның өсуі мен биомасса жинақталуы 20-35%-ке азаяды. Егер көктайғаққа және шаң-тозаң басуға қарсы қолданылатын заттар жол жағалауындағы құнарлы топырақ пен өсімдік әлеміне теріс әсерін тигізер болса, аталмыш концентрацияны – шектік рұқсат ету концентрациясы деп қабылдауға болады;
- патологиялық концентрация (ПК) – өсімдіктер мен организмдердің жеке элементтерінде ткандердің жансыздана бастауы және организмдерінің жойылуы: өсу процесі мен биомассасы 40-70%-ке дейін төмендейді;
- жойылу концентрациясы (ЖК) – бұл концентрация деңгейінде 50%-тен астам организмдердің жойылу сәті басталады және өсімдіктердің өсуі мен биомассасы 75%-дан жоғары төмендейді.

10.3 Асфальт бетонды жамылғылы жолдар үшін тұздың кері ықпалы айтарлықтай жоғары емес. Бұл пікір жамылғының жоғарғы беті тозбағанда, яғни, толық дәрежеде жарамды болып, су мен тұз ерітінділері тас жолдың негізіне өтіп кетпеген жағдайларда ғана ақиқатқа жақын болады.

10.4 Көктайғақтық тұздардың цемент бетонды жол жамылғыларына тигізер кері әсері аса жоғары болады. Бетонның бұзылуы көп жағдайда оған хлорлы тұз ерітінділерінің күйретушілік әсеріне, сонымен қатар, сол ерітіндінің бетонды салқындатуына байланысты болады. Қардың (мұздың) еру процесі көктайғақтық тұздардың бойынан көп мөлшерде жылууды бөліп шығаруын талап етеді, ал бұл процесс бетонның жоғарғы қабатын күрт салқындатады. Салқын күйдегі бетон беті мен тұз ерітінділері арқылы жылуы көтерілген бетон кеуектері арасында қирату кернеуі туындайды.

10.5 Бетонның бүлінуі тұз түріне байланысты жайт. Бетонды ең жоғары дәрежеде қиратушы тұз -- хлорлы кальций. Хлорлы


магний бетонды біршама аз мөлшерде бүлдіреді, алайда, аталмыш тұздың ерітінділері бетон бетінде ұзақ сақталар болса, онда бетон коррозияға ұшырайды. Тұз әсерлерінің әртүрлі әрекеті сол тұздардың эвтектикалық нүктелері мен еріткіштік мүмкіндіктерінің әртүрлі болуымен түсіндіріледі. Бетонның беткі жағы арнайы әдістермен беріктендірілмегендіктен олар аяз бен көктайғақтық тұздардың теріс әсеріне ұшырағыш келеді. Жаңа көпірлердің күтілімінде және ескі көпірлерді жөндеуден өткізген кезде, сонымен қатар, көпірлерді пайдаланудың алғашқы екі жылында олардың беткі жағын, қырларын, маңдайшаларын бүлінуден қорғау үшін коррозияға қарсы қосымша шараларды жүзеге асыру керек.

10.6 Бетон дегеніміз оның құрамындағы болаттан жасалған конструкцияны коррозиядан қорғайтын рН мәні 12,5-нан асатын экстремальды сілтілік (негізгі) орта. СО әсерінен бетонның карбонизацияға түсуі басталады. Соның нәтижесінде цемент тастарының арасындағы лайдың рН мәні 9-ға дейін төмендейді әрі оның коррозиядан қорғану мүмкіндігі де азаяды. Көпірлердің болаттан жасалған конструкциялары су мен тұздың әсеріне көбірек ұшырайтын жерлерде коррозия тезірек жүреді де, пластинка тәрізді таттар пайда болады.


Көпірлер мен жол өткелдерінің коррозиясы негізінен электро-химиялық сипатқа сай құбылыс. Анодта төменде келтірілген процесстер жүреді:



ал катодта –



Содан кейін, темір гидроксиді оттегі әсерінен төмендегі реакция бойынша темір гидроксидіне дейін тотықтануы мүмкін:



Коррозия өнімдерінің құрамы қатты өзгеріске ұшырамас үшін оны $(FeO)_x$, $(Fe_2O)_y$, $(H_2O)_z$ түрінде берген дұрыс. Бетондағы рН>10 болса, онда болат коррозияға ұшырамайды – бұл жағдайда

металдың жоғарғы қабатында қорғағыш үлдір пайда болады. Егер рН төмендейтін болса, онда аталмыш үлдір бүлінеді, яғни, болат коррозиясының дамуына жол ашылғаны.

Металл коррозиясы химиялық реагенттерді көпірлер мен жол өткелдерінің жүру бөлігіне шашқан кезде өте қарқынды жүреді. Хлоридтердің кері ықпалынан болат коррозиясының дамуы, хлор-иондарының металл бетіндегі қорғағыш үлдірлерінің бүлінуіне байланысты орындалады. Қабылданған ережеге орай хлор-иондар қорғағыш үлдірді темір оксидінен ерігіш қасиеті бар темір хлоридіне айландырады. Коррозия механизміне хлор-ион адсорбциясы мен болат бетінде күрделі қосындының пайда болуы жатады.

Бетон арматурасының коррозиясына ең көп ұшырайтындар – суағар құбыр орналасқан жердегі темірбетон плитасының жіктері.

Бетондағы хлоридтің арматура коррозиясын тудырмайтын дәл есептелген шамасы белгісіз. АСІ мәліметтері бойынша хлор-иондардың рұқсат етілген шектік мөлшері – 0,15%. Хлоридтердің бетонда еритін және ерімейтін түрде болатынын ескерсек, болат коррозиясы үшін тек еритін хлоридтер қауіпті екенін айтуымыз керек, сондықтан, есепке тек еритін хлоридтер шамасы ғана алынады.

Көктайғақтық химиялық реагенттерді шашқан кезде бетонның хлоридтерге қатысты диффузиялық өтімділігін білген маңызды. Себебі әртүрлі цемент араласқан бетондарда бетонның диффузиялық өтімділігі төмендейді. Мысалы, кәдімгі портландцемент – сульфатқа төзімді цемент, 30% шығарылатын күл немесе 65% түйіршікті домна күлі қосылған аралас цемент негізіндегі бетондарда диффузиялық өтімділік, тиісінше 44,6; 100; 14,7% және $4,1 \cdot 10^{-9}$ см²/с болған.

10.7 Коррозия ингибиторлары — арматураны коррозиядан қорғау үшін бетон құрамына енгізілетін қоспа. Аталмыш қоспалардың кез-келген жағдайдағы ингибиторлық әсерін түсіндіріп беретін жалпы теория әлі жоқ. Олардың анодтық әсерін негізінен темір анодының бетінде гидроксидтен тұратын пассивтендіргіш үлдір пайда болуымен байланыстырады. Сонымен қатар, хлоридтер үлдірді және анодтан белгілі бір қашықтықтағы қаптамаларды бүлдіреді, нәтижесінде коррозия

дамиды деп есептеледі, ал нитриттер негізіндегі ингибиторлар темірді тез тотықтандырады да, еш нәрсе өткізбейтін оксид үлдірін қалыптастырады.

Жолдардағы көпір құрылысы кезінде арматура ингибиторлары ретінде басқа да заттарды қолданады, атап айтқанда: хроматтар, фосфаттар, фосфорқышқыл тұздары, сілтілік материалдардың нитриттері, фториттер, бензолттар, лигносульфонаттар және т.б. Аталмыш қоспалар бетон және бетон қоспасының басқа қасиеттерін нашарлатпауы мүкіят қадағалануы тиіс. Осы уақытқа дейін коррозия ингибиторларының жалпы тиімділігі туралы көзқарас қалыптаспаған, себебі, олар хлоридсіз-ақ пайдалы. Сондықтан коррозия ингибиторларын бетонның баламасы ретінде қарастыруға болмайды. Оларды тек бетон арматурасындағы коррозияның алдын алу үшін қолданады.

10.8. Қыс кезінде көктайғақпен күресу үшін қолданылатын химиялық заттар көлік құралдарының металл тетіктерін таттануға (коррозияға) ұшыратуына байланысты, оларға коррозияға жол бермейтін немесе оның әсерін азайтатын ингибиторлар қосады. Коррозия ингибиторлары ретінде: бір тотықты натрий фосфаты $\text{NaH}_2\text{PO}_4 \cdot 2\text{H}_2\text{O}$; қос тотықты натрий фосфаты $\text{NaHPO}_4 \cdot 12\text{H}_2\text{O}$; жай суперфосфат $\text{Ca}(\text{H}_2\text{PO}_4)_2$; қос суперфосфат $\text{Ca}(\text{H}_2\text{PO}_4)_2 + \text{P}_2\text{O}_5$; натрия гексаметафосфатын $(\text{NaPO}_3)_6$ қолдану ұсынылады.

10.8.1 Ингибиторлардың пайдалану шығынындылығын 10.2 кестеге сәйкес анықтау ұсынылған.

10.8.2 Қатты күйдегі көктайғақтық материалдарға компоненттері бір-бірімен мүкіят араластырылған қатты ингибиторлар қосылады.

Бір және қос ауыспалы натрий фосфаттарын тұздықтарға оларды көктайғаққа қарсы қолданар алдында, ал нашар еритін суперфосфаттарды ертерек, яғни көктайғақтық материалдарды сақтауға қояр алдында қосады.

Коррозия ингибиторлары ретінде бір немесе қос ауыспалы натрий фосфаты, қарапайым және қос суперфосфат, гексаметафосфор қолданылады. Қысқы көктайғақтық материалдарға бұл ингибиторларды араластыру нормасы 10.2-кестеде келтірілген.

10.2-кесте - Коррозия ингибиторлары және олардың шығындылық мөлшері

Ингибиторлар атауы	Көктайғақтық материалдарға қосу мөлшері, жалпы салмақтық пайыз бойынша	
	Қатты күйдегі химиялық зат	Тұздықтар
Бір ауыспалы фосфорқышқылды натрий	2-3	0,5-1
Қоса ауыспалы фосфорқышқылды натрий	5-7	2-3
Жай суперфосфат	5-7	2-3
Қос суперфосфат	3	3
Гексаметафосфат	2	1

Қатты көктайғақтық материалдарға тек қана қатты күйдегі ингибиторлар механикалық араластыру арқылы қосылады. Тұздықтарға бір немесе қос ауыспалы натрий фосфаты тек пайдаланылар алдында араластырылады, ал суперфосфаттарды, олардың ерігіштік қасиеттерінің төмендігіне байланысты, химиялық материалдарды қоймаға сақтар кезінде қосады.

10.9 Ағынды суларды ластауда тұз басты рөл атқарады. Егер, тұздың жылдық орта концентрациясы ерітіндідегі иондар концентрациясының ең жоғарғы деңгейіне бой алдырған болса, онда оның қоршаған ортаға тигізер әсері ең жоғарғы деңгейге жеткені. Натрий иондарының жоғарғы концентрациясы жаз айларында ағын суларда жинақталаттынын ескерсек, онда дәл осы кезеңде олардың өсімдіктер әлеміне тигезер кері ықпалын да естен шығармауымыз керек.

10.10 Жолдың қозғалыс бөлігі тұз араласқан қар мен лайдан аршылып, олар жол жиегі мене жол аралығына тасталған болса, онда мұндай тұзды су жер топырағына сіңіп, өсімдіктер танын тікелей бүлдіп отырады. Тұз топырақтың химиялық құрамын ғана бүлдіріп қоймай, сонымен қатар оның құрылымын да өзгертеді әрі мұның нәтижесі өсімдіктердің жойылуына апарып соқтырады.

Тұздың зиянды әсерін, әсіресе, үйеңкі, талшын, жөке (10.3-ші, 10.4-кестелер) ағаштары жақсы сезінеді.

10.3-кесте - Өсімдіктердің тұз әсеріне төзімділігі

р/н	Заттар	Өсімдік түрлері	
		Құрайтындар және толық жойылатындар	Жақсы төзімді және қайта өсіп көктейтіндер
1	2	3	4
1. Көктайғақтық реагенттер			
1.1.	Хлорлы Натрий	Тау жоңышқасы	Жылжымалы бидайық
		Қызыл жоңышқа	Көкшіл сүр бидайық
		Орман бүлдіргені	Құс таулығы
		Тау жұлдызшасы	Құс табан жапырақты
		Қала гравилаты	Қою сұлыбас
		Түйнекті чина	Үлкен жолжапырақ Ақ түсті марь Үлкен түйежапырақ Ал қызыл қалуен Жайылмалы алабота
1.2.	Хлорлы кальций	Көдімгі дала шөбі	Будра
		Тау жоңышқасы	Жайылмалы алабота
		Орман бүлдіргені	Дала сұлыбасы
		Көдімгі шырша	Ақ түсті марь
		Көдімгі цикорий	Жылқы қымыздығы
		Дала шырмауығы	Айыр табанжапырақ
1.3.	Хлорлы магний	Тапал жапырағы	Тау жоңышқасы
		Күсім түсті табаншөп	Орман бүлдіргені
		Будра	Көдімгі жалбыз
		Көдімгі қарабас	Қала гравилаты Үлкен түйежапырақ Жылқы қымыздығы Қыртасты шортанша
		2. Тасжолдардағы шан	
		Сиыр жоңышқасы	Көдімгі ритма
		Дала сұлыбасы	Дөңді жұлдызша
		Дала сұлысы	Сарғалдақ

1	2	3	4
3. Шаң басқыш заттар			
3.1.	Құрғақ күйдегі хлорлы кальций	Арпабас	Ақ түсті түйебұршақ
		Алкызыл қалуен	Тас жарғыш-жамбас шөп
		Өгей шөп	Боташық
		Картоп	Сәбіз
		Шалғам	Арпа
3.2.	Хлорлы кальцийдің 30%-тік ерітіндісі	Өсімдіктің барлық түрлері	
3.3.	Хлорлы кальций қосылған шаң	Ақ жапырақты үйеңкі	Бал қарағай
		Кедір-бұдырлы шегіршін	Сукачева
		Көдімгі ырғай	Қызылтал
		Ирга	
		Үйеңкі	

10.4-кесте - Өсімдіктердің тұзға қарсы төзімділігі және ұсынылатын шөп қоспалары

Тұз әсеріне төзімді өсімдіктер	Тұзға әсеріне төзімсіз өсімдіктер
1	2
ШӨПТЕР	
Бұтақты вострец, ақ және сары түйе бұршағы, бидайдық тұқымдас мал азығы, тараққа ұқсаған ирек тісті, қылтанақсыз от, жайыла-тын кохия, жоңышқа, дала балауызы, сұлы, ақ қызыл дала шөбі.	Қызыл және ақ жоңышқа, жүгері, зығыр, күнбағыс, шалғам, үрме бұршақ, сарымсақ
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ДАҚЫЛДАРЫ	
Қарбыз, тарна азығы, қыша, қауын, капуста азықтық, пияз, сәбіз, сұлы, қызанақ, дөңді азық тарысы, бидай, күріш, қара бидай, қызылша азықтық, қант өндіретін және асқа қосатын, қонақ жүгері, соя, турнепс, мақта.	бұршақ, сиыржоңышқа, картоп, жүгері, зығыр, күнбағыс, шалғам, үрме бұршақ, сарымсақ.

10.4-кестенің жалғасы

1	2
АҒАШТАР	
Өрік, ақ қараған, шамшат, қайың, шегіршін ұсақ жапырақты және жарылған, кәдімгі алмұрт, қызыл емен, ірі тұқымды және ағаш, канада шыршасы, үйеңкі үшкір жапырақ және шынар тәрізді, еуропалық бал қарағай, кәдімгі шетен, сары және қара қарағай, бальзам иісті терек, белый – ақ, ақ тұт ағашы, американдық және жасыл шетен.	кәдімгі шырша, ақ тал, ұсақ жапырақты жөке, сібірлік бал қарағай, венгерлік және қазақтық арша, грек жаңғағы, канадалық және кара терек, ормандық алма, кәдімгі шетен.
БҰТАЛАР	
Амфора бұталы өсімдік, кәдімгі айва, долана, гледяия, жүзгін кәдімгі және татар ырғайы, татар үйеңкісі, жұқа жапырақтық түйежапырақ. Итжидек және кедір-бұдырлы райхангүл, свидина, ақ және кәдімгі қар асты жидегі, кәдімгі сирень, тошала тәрізді қызғылт қаракат, жыңғыл, шығыс туясы, чинчил, тәміріс	Шөңгіш жидек, бүтін дерен, жылтыраған қызыл тал .

10.11 1 л судағы тұздың 100-200 мг концентрациясы өсімдіктердің кейбір түрлерін қуратып тастайды, 200-500 мг концентрациясы бауырмен жорғалаушылардың кейбір түрлерінің жойылып кетуіне, ал 3000 мг асатын концентрациясы балықтардың қырылуына апарып соқтырады.

10.12 Суағарлары бар орындарда жол жиектеріндегі екпелердің бүлінуі байқалмайды. Жолдың қозғалыс бөлігінен шамамен 6-8 м қашықтықта орналасқан аймақта өсетін өсімдік топырақтары, оларға тұздықтың сіңуіне орай, бірнеше қабатқа бөлінеді. Реагенттер концентрациясының жоғары болуы жолдың қозғалыс бөлігінен алыс (3-4 м астам) жерде өсетін өсімдіктерге аса зиянды әсер ете қоймайды. Егер тоғай жолдың қозғалыс бөлігінің жиегінен кем дегенде 9 м қашықтыққа егілсе, онда олардың қурап қалу ықтималдығы айтарлықтай төмен болады. Фосфоттарға бай құнарлы топырақтарда өсетін өсімдіктерге де тұздар айтарлықтай әсер ете алмайды. Құмды және құмдауытты топырақта өсетін өсімдіктерге де хлоридтердің әсері төмен. Бұған

себеп – жеңіл топырақтардың физикалық-химиялық ерекшеліктері: жоғарлы деңгейдегі кеуектілігі, жақсы сүеткізгіштік және ауа өткізгіштік қасиеттері.

10.13 Ауыз судағы хлордың шектік мөлшерлік концентрациясы 250 мг/л-ден, ал арнайы техникалық мақсаттар үшін қолданған кезде – 25 мг/л-ден аспауы тиіс. Американдық кардиологиялық бірлестігінің мамандары тұзды диетадаға адамдарға натрий концентрациясы 22 мг/л-нан аспайтын суды пайдалануды ұсынады.

Қоршаған ортаға келтіретін әсеріне қарай тұз бен ластанған суды төмендегідей топтастыруға болады:

- критикалық – ауыз сумен қамтамасыз ететін су көздерінің ластануы;
- жоғары мөлшерде – ауыз судағы хлор концентрациясы 250 мг/л-нан асып кетеді;
- орташа – судағы хлордың мүмкін болатын концентрациясы 25 мг/л-ден, ал натрийдің концентрациясы 22 мг/л-ден асып кетеді.

10.14 Жол жиегінен алыстаған сайын топырақтағы хлоридтердің концентрациясы азая түседі және оның деңгейі жол жамылғысы бетіне қолданылатын көктайғақтық тұздарды шашудың қайталанымдығына (ұзақтығына) байланысты әр түрлі болады. Натрий (кальций, магний) иондарының уақыт созылымына байланысты топырақта жинақталу мүмкіндігі өсе береді және бұл процестің жоғарлауына реагенттердің шашу тығыздығы мен ауаның салыстырылмалы ылғалдығы тиекті қызмет атқарады.

Ауа ылғалдылығы жоғары (80%-тен жоғары) болған сайын және атмосфералық температура $+2^{\circ}\text{C}$ пен -2°C аралығында жүзеге асырылатын технологиялық процестерде реагенттерді шашу тығыздығын минималды шамаға (яғни 20 г/м^2) дейін азайтуға болады. Бұл мөлшер, қозғалыстағы автомобиль доңғалақтары арқылы шашылатын қар құрамындағы хлор-иондардың түсу дәрежесін айтарлықтай төмендетеді (10.5-кесте).

10.5-кесте - Химиялық реагенттерді шашу тығыздығына орай қар құрамындағы хлор-иондарының мөлшері

Тұз концентрациясының жолдың козғалыс бөлігінен алыстау қашықтығы, м	Шашу тығыздығына орай хлор- иондарының мөлшері, мг/л			
	20	30	40	50
2	1280	1675	2608	3796
4	785	1124	2010	2680
6	318	777	1360	1860
8	124	370	840	1210
10		190	414	870
12			165	300

10.15 Қазақстанның Солтүстік, Шығыс және Оңтүстік-Шығыс бөліктеріндегі қатаңдау қыс жағдайларында хлоридтерді пайдалану (CaCl_2 есепке алмағанда) барлық жағдайда бірдей тиынақты нәтиже бере алмайды. Себебі: реагенттердің қармен реакцияға түсуі өте баяу, ерітіндінің ықпал ету уақыты тым аз және өзіндік құны жоғары.

АҚШ және Канаданың бірқатар штаттары мен облыстарында жол-ықылымдық жағдайлар күрт өзгерістерге ұшырап отыруы салдарынан қар тазалау жұмыстарында хлоридтерді шашудың дифференциалды мөлшерлері қолданылады. Бұл жағдайда оларды шашу мөлшері 10.6-кестедегідей ұсынылған.

10.6-кесте - АҚШ-тың кейбір штаттарындағы хлоридтерді шашу мөлшері (IV жол-ықылымдық аймаққа сәйкес)

Штат	Ұсынылатын норматив -- екі бөлікті жолдың 1 км-не жұм- салатын тұз мөлшері, кг	Реагенттерді шашу мөлшері, г/м ²
Огайо	115 – 171	18 – 27
Майн	115	18
Коннектикут	155	25
Вермонт	171	27
Массачусетс	200	32
Пенсильвания	142 – 171	27

ҚР Ұ 218-32-03

10.16 Канадада әзірленген ұсыныс бойынша натрий хлоридін пайдалану шарты -1°C -ден -12°C -қа дейінгі температурамен шектеледі. Ауа температурасы -17°C -тан төмен болған жағдайда тұз қолданылмайды (10.7-кесте).

10.7-кесте - Канада ұсыныстары бойынша реагенттерді шашу нормасы (IV жол-ықылмдық аймаққа сәйкес)

Ауа температурасы, ауа-райы құбылыстары мен жол жағдайлары	Реагенттерді шашу мөлшері, г/м ²
-1°C , қар аралас жаңбыр	10 – 20
-1°C -тан төмен, қар, қар аралас жаңбыр	25
-7°C , күрғақ қар	Тұзды пайдаланбаған дұрыс
-7°C , түндегі температура, күндіз езіліп жатыр, қатақ жаңбыр	25 – 33
-12°C , жолда тапталған қар және жүка қабатты мұз жатыр	25
-17°C	Тұзды пайдаланбаған дұрыс

11 ТОПЫРАҚ ПЕН ӨСІМДІК ӘЛЕМІН КӨКТАЙҒАҚҚА ҚАРСЫ МАТЕРИАЛ ҚАЛДЫҚТАРЫНЫҢ ӘСЕРІНЕН ҚОРҒАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ШАРАЛАР

11.1. Табиғи-тарихи дене ретінде топырақ химиялық реагенттердің әсеріне белгілі бір орнықтылықпен қарсы тұра алады.

МЕСТ 17.4.3.06-86 сәйкес ластандырғыш химиялық заттарға орнықтылық дәрежесіне және оған қарсы реакциясына байланысты топырақты өте орнықты, орташа орнықты және шамалы орнықты деп бөледі.

11.2 Топырақтың ластандырғыш химиялық заттарға қарсы орнықтылық дәрежесін келесі көрсеткіштер арқылы анықтайды: топырақтың гумустық жағдайы; қышқылдық-негіздік қасиеті; тотығу-қалпына келу қасиеті; катиондық-алмасу қасиеті; биологиялық активтілігі; жер асты су деңгейі; еріген түрдегі заттардың топырақтағы үлесі.

11.3 Топырақ көктайғақтық реагенттердің қалдықтарымен ластанған кезде, басты орын алатын ластануды — топырақтың

улануын жоюға бағытталған шараларды жүзеге асыру аса маңызды. Топырақтың улануын жою — ластанған топырақты ластандырғыш заттардың уландырғыш әсерінен толық босатуға немесе у әсерін әлсіретуге, сонымен қатар, топыраққа өзін-өзі тазарту мүмкіндігін беретін қолайлы жай жасауды қамтамасыз етуге ықпал туғызуға бағытталған әдістер мен тәсілдердің жиынтығы. Топырақты у әсерінен тазарту әдістерінің жиынтығын шартты түрде физикалық, биологиялық және химиялық деп бөлуге болады.

11.3.1 Физикалық — топырақтың уланған қабатын қырып алу және оны көміп тастау.

11.3.2 Химиялық — химиялық реагенттердің активті әсерін ионалмасу шайыры, органикалық заттар, сіңіргіш реагенттер көмегімен азайту немесе зиянды заттардың топырақ арқылы өсімдікке жету мөлшерін бәсеңдету, төмендету немесе активсіздендіру.

11.3.3 Биологиялық — ластануға қарсы орнықты және топырақтан улы заттарды шығарып тастайтын дақылдар өсіру.

11.4 Технологиялық әрекет нәтижесінде өсімдік әлемі жойылған, автомобиль жолының трассалық аймағындағы топырақ қабаты бүлінген, гидрологиялық режимі мен жер рельефі өзгерген жер учаскелері де бүлінген орындар санатында саналады. Бұл жағдайларда жерге толығымен өңдеу жұмыстары жүргізіледі.

11.5 «Қазақстан Республикасындағы бүлінген және бүлініп жатқан жерлерді қалпына келтіру жобаларын келістіру жөніндегі нұсқамалары» (Алматы, 1993) және басқа да ведомствалық нұсқаулар мен нормативтер талаптарына сәйкес бүлінген жерлерді қалпына келтіру екі сатылы жүргізіледі, олар: техникалық және биологиялық.

11.6 IV жол-ықылымдық аймақта топырақты химиялық реагенттермен ластауға жол бермеу бағытындағы технологиялық процесстерді жүзеге асыру кезінде айрықша бақылау жүргізілуі тиіс. Себебі бұл аймақтағы тәуліктік температура мен ауа ылғалдылығының құбылмалдығы топыраққа сіңетін қардың тұздық концентрациясына теріс әсерін беруі мүмкін. Химиялық реагенттерді қолдану аймағын шектеу ауқымы келесі тәртіппен

ҚР Ұ 218-32-03

жүргізіледі: қарқындылығы төмен, яғни, $N < 450-500$ авт/сағ жолдарда; қағты жамылғысыз төсемдерде; беттік су іркілісі болмағанда; $N < 900$ жүргінші/сағ тратуарларда.

11.7 Сүзгіштік коэффициенті жоғарғы деңгейдегі топырақтар түз өрекетіне айтарлықтай ұшырай қоймайды.

11.8 Көктайғақтық химиялық реагенттерді қолдану барысында топырақ-өсімдік экожүйесіне келтірілетін шығындардың түрлері мен сол шығындардың алдын алу немесе әсерін азайту шаралары 11.1-кестеде келтірілген [2].

11.1-кесте - Топырақ-өсімдік экожүйесіне келтірілуі мүмкін шығындардың түрлері

Келтірілуі мүмкін шығын түрлері	Алдын алу немесе әсерін азайту шаралары
1. Химиялық реагент қалдықтарының теріс әсері нәтижесінде құнарлы топырақтың және өсімдіктің өзгеріске ұшырауы немесе жойылуы	1. Шығын келтірілгенге дейін табиғи ресурстарды зерттеу қажет. 2. Химиялық реагенттердің топырақ пен өсімдікке қарсы теріс әсерін бағалау.
2. Топырақтың ағын суларымен (тұзды қар ерітіндісі) ластануы	1. Жолдың қозғалыс бөлігі мен жағалауының тиістік еңістігін қамтамасыз ету. 2. Сүзбе қондырғыларын, ашық қақпақтар мен су жиналу құдықтарын күтудің пайдаланымдық сапасын қадағалау.
3. Топырақ эрозиясы	1. Іркін сулар мен тұз қосылған қар ерітінділерінің ағымын реттеу. 2. Химиялық реагенттердің әсерінен бүлінген жерлерді дер кезінде қалпына келтіру.
4. Ландшафттық экожүйенің бүлінуі	1. Сәулеттік дизайн құралдарын пайдалану. 2. Залалсыздандырылған жерлерге өсімдіктер еге отырып, дер кезінде жер участкелерін қалпына келтіру.
5. Жер бетіндегі және топырақ асты сүзбелерінің бүлінуі	Талапқа сай сүзбелік құрылғыларды орналастыру.

А ҚОСЫМША**ҚЫСҚЫ ЖОЛ КҮТІЛІМІНЕ АРНАЛҒАН
ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР БАЗАСЫ**

Технологиялық материалдар базасын құм, тұзды-құм қоспаларын, құрғақ және сұйық күйдегі реагенттерді әзірлеу, сақтау және қолдану үшін пайдаланады.

Әрбір базада ұйымдастырылған суағарлар мен қатты (бетонды) төсемді кіріс-шығыс жолдары бар қоршалған алаңдар болуы қажет. Базада шеберлер орналасатын үй-жай, сонымен қатар, механизаторлар демалатын бөлме болуы керек, техникалық күтім мен жөндеу орындары жабдықталуы тиіс.

Үлкен базаларда дайындалған тұз бен құм қоспаларының көлемі 40-50 мың м³-ке дейін жетеді, алайда, құм шашыратқыштарды тиімді пайдалану және жол жамылғыларын көктайғақтық материалдармен өңдеу процесін жылдамдату үшін, күтімге алынатын өтпек жолдарға жақын орналасқан қалалық базалар жүйесін пайдаланған тиімді.

Қысқы мерзімінде жолдарды күту үшін қолданылатын материалдар жаз бен күзде дайындалып, 1-15 қазан аралығында аяқталуы тиіс.

Тұзды-құм қоспасын әзірлеу үшін жуылып, електен өткізілген, қайраңсыз өзен құмын қолданады және оған 8% мөлшерінде ас тұзын қосады. Құм құрамындағы тұзд қатты аяз кезінде оны жол жиегіне шашырауын төмендетіп, сонымен қатар механикаландырылған әдіспен тиеу мүмкінділігін арттырады.

Дайындалатын қоспаның мөлшері күтілімдегі аумақтың ауданымен өлшенеді, яғни, қысқы әрбір 1000 м² жол ауданына шағылатын қоспаның көлемі – 8-13 тонна болады.

Тұзды-құм қоспасының қысқы суықтан қатып қалу жағдайының алдын алу үшін хлорлы натрий құрамына 8-12% кальций хлоридін қосады. Бұл әдіс тұздар қоспасының қысқы суықтық аяқталғанға дейінгі мерзімде өздерінің сусымалық күйін жоймауға үлкен әсерін береді.

Фосфаттармен (ФХК) ингибирленген кальций хлоридін өнеркәсіп орындарынан полиэтилен қаптарына қаптап немесе көп

рет қолданылатын резиналы-кордты контейнерлерге салып тасиды. Мұндай материалдарды қыс кезінде күні-түні жұмыс істейтін құм тиегіштер, эксковаторлар және фронтальды тиегіштер көмегімен тиейді.

Өте ауқымды жұмыспен қамтамасыздандырылатын ірі базаларда арнайы құм тиегіш бункерлерді пайдаланған абзал. Металл табақтарын бір-біріне пісіріп, қаттылық қырларымен беріктендіре отырып жасалған аталмыш бункерлерді ордың (траншеяның) үстіндегі, бетонан немесе кірпіштен қаланған тіректерге, бункердің жоғарғы қиығы алаң деңгейіне сай келетіндей қылып орнатады. Құм үйіндісін бункерге бульдозермен жинақтайды. Ал тасымалдағыш машина бункер астындағы орға (траншеяға) қойылады. Тұзды-құм қоспалары бункер қабырғаларына жабысып қалмауы үшін арнайы дірілдеткіш (вибратор) орнатылады. Бункер қақпағын ашып-жабуды және дірілдеткішті іске қосуды басқару пульті арқылы жүзеге асырады.

Мұндай базалардың әртүрлі түрлері болады. Солардың бірі – ор қазылған алаңша арқылы технологиялық материалдарды дайындау. Ордың жоғарғы жағы елекпен жабылады да, оған бульдозер қалағы арқылы материал түсіріледі.

Үсті елекпен жабылған ордың астына тасымалдағыш машина кіргізіледі. Електің арқасында қоспаға ірі тастардың, реагент кесектерінің және басқа да қажетсіз кесек қоспалардың араласуына жол берілмейді.

Тиеу жұмысын осылай ұйымдастыру ісі үздіксіз принципті түрде атқарылады: машина ешқандай маневр жасамай-ақ бункер астына емесе орға кіреді де, материал тиеп алғаннан кейін, екінші жағынан шығып кетеді; бұл жағдайда тиеумен айналасатын жұмысшылардың саны минимальды болады, атап айтқанда, бір бульдозерші және бункер мен електе бір-бірден жұмысшы бекітіледі. Бір құмшашқышты тиеуге жұмсалатын уақыт 2-3 минуттен аспайды.

Реагенттерді сақтауға арналған арнайы ғимараты жоқ базаларда технологиялық материалдарды жауын-шашын әсерінен қорғау үшін олардың үстіне полиэтилен жабылғыларын жабады.

Сұйық күйдегі реагенттерді қолдану арнайы сақтау және

аттандыру базасының болуын талап етеді. Аталмыш базалар өндіруші-зауыттардан сұйық реагенттерді вагон-цистерналар арқылы тсымалдау үшін, оларды көбінесе темір жол желілерінің бойында орналастырады. Төсемелері қалыпты жетілдірілген алаңдарда қабылдау қондырғылары, насос станциялары мен реагенттерді машинаға тиеу қондырғылары бар резервуарлар орналастырылады.

Мәскеу қаласында сұйық хлоридтерді сақтау үшін темір жол тұйығы бар ірі базаларда сыйымдылығы 5 мың м³ резервуарлар пайдаланылады және онда осы резервуарларды толтыру, сақтау және үлестіру жұмыстары тиісті деңгейде жолға қойылған. Кальций хлориді коррозия туындатуға бейім болғандықтан, резервуардың ішкі бетін эпоксидтік шайыр негізіндегі лакты бояумен өңдейді. Резервуар жыл сайын тексеріліп, қажет болса қайта өңдеуден өткізіледі.

Кальций хлоридін база ішінде тасымалдау мақсатында арнайы насостар қолданылады.

Базада екі насос станциясы бар: біріншісі — темір жол цистерналарынан түсіруге арналған, екіншісі — реагенттерді машина цистерналарына құюға арналған. Бір цистернаны тиеу небәрі 3-5 минуттық уақыт алады.

Б ҚОСЫМША

ҚАР ЖИНАУ МАШИНАЛАРЫН ПАЙДАЛАНҒАН ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ КҮТІМГЕ АЛҒАН КЕЗДЕГІ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

1 Жалпы жағдайлар

Арнайы қар жинау машиналарының техникалық жағдайы және оларды пайдалану тәртібі Қазақстан республикасы жол қозғалысы және елді мекендердегі аумақтық жинау қауіпсіздігі Ережелері мен өндірістік санитария талаптарына сай орындалуы тиіс.

Кәсіпорын әкімшілігі инженерлік-техникалық қызметкерлер мен жұмысшылар үшін техникалық қауіпсіздік ережелерін оқыту ісін ұйымдастыруы тиіс, сонымен қатар, оқу мерзімі аяқталғаннан кейін тыңдаушылардың білімдерін тексеріп, қанағатанарлық нәтиже көрсеткен тұлғаларға тиісті куәлік береді.

Қар жинау машиналарын меңгеруге тек жұмыс орындарында кіріспе нұсқау алған жүргізушілер мен механизаторлар ғана жіберіледі. Жұмысшыны басқа оынға ауыстырған кезде әкімшілік оған осы орындағы жұмыстың қауіпсіздік тәсілдерін үйретуі тиіс. Арнайы қар жинау машиналарын (қауіптілігі жоғары машиналар) жүргізетін жүргізушілер мен механизаторлар әрбір үш ай сайын қосымша нұсқаулық сабақ алады. Жүргізушілер мен механизаторлар үшін екі жылда бір рет кәсіподақтардың техникалық инспекциясымен келісе отырып, арнайы автошаруашылық әкімшілігі әзірлеген бағдарлама бойынша техникалық қауіпсіздік ережелері жөніндегі сабақ өткізіледі.

Кәсіпорын әкімшілігі жұмысшыларын арнайы киім-кешекпен және орындалатын жұмыс сипаты мен қолданымдағы норма талаптарына сай сақтандырғыш айла-бұйымдармен қамтамасыз етуі тиіс, сонымен қатар, киімдердің жарамдылығы мен дұрыс пайдаланылуын қадағалап отыруы жарт.

Қала көшелерін жинауға арналған машиналарды қауіпсіз түрде пайдалану нормалары жүргізушіден зор қырағылықты, жұмыстың және машинаны күтімге алудың қауіпсіз шарттарын

білуді талап етеді. Жолға шығар алдында жүргізуші төмендегі шарттарды мұқият тексеруі тиіс:

автомобильдің, арнайы құрал-жабдықтардың техникалық жарамдылығын, шиналардың, тежегіштің, машинаны бұрғыш тетіктің (рульдің), берілістік біліктерді бекіту болттарының, фардың, артқы фонардың, тоқтату-кранының, бұрылу жөніндегі белгі шамдардың, дыбыс сигналының, сонымен қатар, отын, май, су құтыларының герметикалығын, ал газбен жүретін автомобильдерде қосымша газ аппаратурасы мен магистральдарының герметикалығын;

шинадағы ауа қысымының нормаға сай келетіндігін;

аспаптар мен керек-жарақтардың тыңғылықты орналастырылғандығын;

автомобильдің жанар-жағар маймен, сумен және тежегіш сұйықпен жеткілікті мөлшерде толтырылғандығын, сонымен қатар, аккумулятор батареяларындағы электролит деңгейін.

Машинаның жарамдылығы жөніндегі ақпаратты жүргізуші жол құжатына қол қоюы арқылы растайды.

Жол желісінде жұмыс істеген кездегі жүргізушінің міндеттері:

жол жүру Ережелерінің талаптарына сәйкес жүріс жылдамдығын қадағалап отыруға;

автомобильдің бақылау аспаптарының көрсетулерін және құрылымдар мен механизмдердің жұмыс жарамдылығын бақылауға;

қозғалыс қауіпсіздігі мен автомобильдің жарамдылығына қауіп төндіретін ақаулар орын алса, ақауды жоюға арналған шараларды жүзеге асыруға, егер мүмкін болса, қауіпсіздік шараларын қадағалай отырып, гаражға қайта оралуға немесе техникалық көмек машинасын шақыруға;

жол желісінде тұрып қалған машинаны жөндеген кезде машинаны гаражда жөндеген және техникалық күтімге алған уақытта қолданылатын техникалық қауіпсіздік ережелерін қадағалауға. Егер жөндеу жұмысы көлемі рұқсат етілген мөлшерден асып кетсе немесе жүргізушіде қажетті айла-бұйымдар мен аспаптар болмаса, жол желісінде машинаны жөндеуге тиым салынады.

2 Арнайы талаптар

Су шашқыштар мен ассенизациялық машиналар. Егер цистернасы дұрыс бекітілмесе, сұйық ағымын реттегіш шүмектері немесе сопло қалқаны жарамсыз болса, онда мұндай су шашқыш және ассенизациялық машиналарды пайдалануға тиым салынады.

Жұмыс кезінде және бір орыннан екінші орынға ауысқан сәтте артқы және бүйірлік есіктерін ашып қойып немесе цистернаны сұйыққа толтыруға арналған жеңдерді (рукова) орнына дұрыстап қоймай машинаны қозғауға тиым салынады.

Тасымалдау барысында және көше қиылыстарында, бағдаршам алдында және т.б. жерлерде тоқтаған кезде сұйық реагенттердің жерге ағуына жол беруге болмайды.

Сұйық реагенттер төгіліп, көлік құралдары мен жаяу жүргіншілерге тиіп кетпеуі үшін аса жоғары қырағылықты талап етеді.

Су шашқыш және ассенизациялық машиналарға реагенттер күйғанда және сол реагенттерді шашқан сәтте қызмет етушілер қолдарына кенеп қолғап киуі тиіс – бұл олардың қол терісін реагент әсерінен болатын қоздырғыштық әсерден сақтайды.

Қалақты-сыпыртқылы қар тазалағыштар. Қалақты-сыпыртқылы қар тазалағыштар мен қар жинайтын машиналардың жұмыс органдарыда жарамды көтергіштер мен көтеріп қойған (тасымалдық күйге) кезде жұмыс органдарын бекітетін арнайы құрылғылар болуы тиіс. Ал бұл құрылғылар жарамсыз болса, онда механизмдерді іске қосуға тиым салынады.

Шынжырлы тізбектер мен конструкциядағы басқа да айналмалы элементтер қаптамалармен жабылуы керек.

Қалақты-сыпыртқылы қар тазалағыштарды күтімге алғанда және онымен жұмыс істеген кезде төмендегідей селқостықтарға жол берілмейді:

қалақтың өз-өзінен түсіп кетуіне жол бермейтін арнайы тіреу қойылмаған болса, онда оның астында және жақын маңайда тиісті істер атқаруға;

сыпыртқы айналып тұрған сәтте оның маңайында қандай да болсын жұмыстар жүргізуге. Сыпыртқы талшықтарындағы

қолмен атқаруға тиіс жұмыстар тек қолғап кию арқылы ғана атқарылады.

Жұмыс кезінде шу деңгейін азайту үшін қалақтың төменгі қырына резинадан жасалған жолақ немесе синтетикалық материалдан жасалған пышақ бекітеді.

Көктайғақтық материалдарды шашқыш. Шашқыштарға електен өткізілген, құрамында ірі кесектері жоқ технологиялық материалдар (күм мен тұз қоспасы, реагенттер) тиелгені абзал.

Материалды шанаққа немесе бункерге тиеу алдында шашқыш табақшалар мен беріліс механизмдер мұқият тазалануы тиіс.

Көктайғаққа қарсы материалдарды тар көшелерде, көлік қозғалысы қарқынды қилыспаларды, қаладағы жолаушылар көлігі тоқтайтын аялдама алаңдарда, жаяу жүргіншілер мен машиналар көп шоғырланған орындарда аса жоғары абайлықпен шашу талап етіледі.

Шашқыштар жұмысы кезінде тиым салынатын жайттар:

технологиялық материалды бункерге ломмен, күрекпен немесе басқа құралмен итеруге, шанақтан шашқыш табақшаға немесе жол жамылғысына қолмен шашуға;

шанақтың үстінде немесе табақшаның кері қайырғыш қаптамасында тұруға;

табақша айналып тұрған сәтте оның қасында кез-келген жұмыс атқаруға.

Тапталған қар мен мұзды ойғыштардың жұмыс органдарын көтеріп-түсіретін және оны тасымалдық жағдайда бекітетін механизмдер жоғары сенімділікті қажет етеді. Аталмыш құрылғылар жарамсыз болса, онда мұндай мұз ойғыштарды пайдалануға тиым салынады.

Мұз ойғыш механизмдерді жөндуде, майлағанда және ретке келтіргенде оның жұмыс атқару әрекетін жағдайлы күйге келтіреді немесе астына тірек қояды.

Төмендегідей істерді жүзеге асыруға тиым салынады:

жұмыс желісіне қорғанымдық шараларсыз шығуға;

адам өміріне қауіп төнетін мұз ою жұмыстарын жүргізуге;

өткелдерде фрезаның жұмыс органын іске қосуға немесе жұмыс істеп тұрған фрезаға 2 м-ден жақын келуге;

металл қиықтары, тақтайлар, темір сымдар және т.с.с.

қоқсықтар шашылып жатқан жерде жұмыс істеуге;

айналыста тұрған механизмдердің маңайында қандай да болсын жұмыстар (жұмыс органдарын бөгде затардан, қардан тазалауға және т.б.) атқаруға.

Жұмыс барысында мұз ойғыштың көтеру механизмінде ақаулар табылып, және, осы сәтте өздігінен базаға қайтып оралу мүмкіндігі болмаса, жүргізуші дереу техникалық көмек тобын шақыруы тиіс.

Тапталған қарды немесе мұзды ою барысындағы жұмыстарды жүргізген кезде (әсіресе фреза жұмыс істеп тұрғанда) жүргізуші, ойылған мұздың кесектері шашырап, жүргіншілерді жарақаттамауы және маңындағы көлікті бүлдірмеуі үшін айрықша абайлық сақтауы керек. Сонымен қатар, жолдың жамылғысын бүлдіріп тастамас үшін фрезаны жұмыс жағдайына сәйкес, тыңғылықты түрде реттейді.

3 Көктайғақтық материалдар базасындағы қауіпсіздік техникасы

Құм базасындағы тиеу алаңдары мен кірістік жолдарды үнемі тазалап, жарамды күйде ұстап отыру керек.

Материалдарды механикаландырылған әдіспен (экскаватормен, құм тиегішпен, фронтальды тиегіштермен) тиеген кезде келесі ережелерді қадағалау керек:

тиеуге рұқсат, жүргізушінің кабинадан шығып, тасымалдағыш дайындығы туралы белгі берілгеннен кейін беріледі;

жүргізуші, қауіпсіздігіне кепілдік беретін қашықтықта тұрып, тиеу жұмыстарына бақылау жасайды;

заттардың машинаға тиелуі артынан немесе бүйір жағынан орындалады, ал кабинаның төбесі арқылы тиеуге болмайды.

Материалдарды бункерден немесе електен өткізіп тиеген кезде машина тоқтайтын орындарда белгілердің бар-жоғы қадағаланады. Мұндайда шашыратқыш шанағының ортасы бункердің шиберлік қалқанының астына немесе електің ортасына дәл келуі тиіс.

Тиеу жұмыстарында материалды шанаққа шашқан кезде

оның үстінде адам тұруына тиым салынады.

Полиэтилен қаптарына қапталып немесе бірнеше мәрте пайдаланылатын резеңке-кордтық контейнерлерге салынып жеткізілетін кальций хлоридін, ингибиторланған фосфаттарды (ХКФ) тиеу-түсіру кезінде оларға аса жоғары талаптар қойылады.

Реагенттер өрт пен жарылыс тұрғысынан қауіпсіз болғанымен адам терісіне қоздырғыштық, кептіргіштік әсері жоғары болады әрі дем алу органдары мен көзге аса қатты кері ықпалы бар.

ХКФ-пен жұмыс істеген кезде жұмысшылар арнайы киіммен, кебіспен және белгіленген тәртіппен бекітілген салалық нормалар арқылы бекітілген талаптарға сай келетін сақтандырғыш айла-бұйымдармен қамтамсыз етілулері керек.

Қол терісін сақтандыруда қолғап пен қолға жағатын индифферент майының маңыздылығы орасан.

Кальций хлориді кездейсоқ қолға немесе бетке тиген болса, онда сол жерлер тыңғылықты түрде сумен жуылуы тиіс.

Егер көз бен ылғалды қабыршықтың реагент әсерінен күйдіріле бастағандығы сезілсе, онда осы мүшелер дереу таза сумен шайылуы тиіс.

Жұмыс орнында тамақ ішуге және шылым шегуге тиым салынады. ХКФ-пен жұмыс жүргізілетін өндірістік ғимараттар мен тәжірибеханалардың тиімді жұмыс істеуі үшін ауа алмастырғыш сору-үрлеу желдеткіштері жарактандырылуы керек.

В ҚОСЫМША

ТҮЗДЫҚТАР КОНЦЕНТРАЦИЯСЫН ТЕКСЕРУ

Құрамында хлорлы натриі бар тұздықтардың концентрациясын денсиметрлер арқылы тексереді. Ол үшін тұздық толтырылған бір литрлік шыны құтығы немесе стаканға денсиметрді батырады, сосын тұздықтың тығыздығы өлшенгеннен кейін, кестедегі мәліметтерді пайдалана отырып оның концентрациясы мен қату температурасын анықтайды.

Хлорлы натрий ерітіндісінің концентрациясы			Хлорлы кальций ерітіндісінің концентрациясы		
Ерітінді тығыздығы	100 г ерітінді- дегі NaCl мөлшері, г	Қату температу- расы, 0°С	Ерітінді тығызды- ғы	100 г ерітінді- дегі CaCl ₂ мөлшері, г	Қату температу- расы, 0°С
1,04	5,6	- 3,5	1,04	4,8	- 2,4
1,05	7,0	- 4,4	1,05	5,9	- 3,0
1,06	8,3	- 5,4	1,06	7,1	- 3,7
1,07	9,6	- 6,4	1,07	8,3	- 4,4
1,08	11,0	- 7,5	1,08	9,4	- 5,2
1,09	12,2	- 8,6	1,09	10,5	- 6,1
1,10	13,6	- 9,8	1,10	11,5	- 7,1
1,11	14,9	-11,0	1,11	12,6	- 8,1
1,12	16,2	-12,2	1,12	13,7	- 9,1
1,13	17,5	-13,6	1,13	14,7	-10,2
1,14	18,0	-15,1	1,14	15,8	-11,4
1,15	20,0	-16,0	1,15	16,8	-12,7
1,16	21,2	-18,2	1,16	17,8	-14,2
1,17	22,4	-20,0	1,17	18,9	-15,7
1,175	23,1	-21,2	1,18	19,9	-17,4
			1,19	20,9	-19,2
			1,20	21,9	-21,2
			1,21	22,8	-23,3
			1,22	23,8	-25,7
			1,23	24,7	-28,3
			1,24	25,7	-31,2
			1,25	26,6	-34,6
			1,26	27,5	-38,6
			1,27	28,4	-43,6
			1,28	29,4	-50,1

Г ҚОСЫМША**ТЕМІРБЕТОННАН ЖАСАЛҒАН ҚОЙМАЛАРДЫ
КӨКТАЙҒАҚТЫҚ МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ТЕРІС ӘСЕРІНЕН
ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ ҰСЫНЫСТАР**

Темір бетоннан жасалған қоймаларды көктайғақтық материалдардың әсерінен қорғау үшін битумды-скипидарлы, битумды-латекстік-кукертұзды немесе эпоксидтік шайыр негізіндегі мастиканы қолданады.

Құрама еріткіштегі «Биски» битумды-скипидарлы мастикасы бір текті қара түсті масса мен қою қаймақтың консистенциясы түрінде белгілі. Мاستиканы ТУ-400 бойынша «Стройдеталь» орталықтандырылған комбинатында өндіреді және құрылыс объектілеріне тұтыну үшін дайын күйінде жеткізеді.

Мастика құрамы (массалық %-і бойынша): битум – 65, скипидар – 5, уайт-спирит – 20, СКС латексі немесе резина желімі – 5-2, цемент – 5-8.

Мастика сырт пішіні бойынша біртекті, бөтен қоспаларсыз болып, қою қаймақты консистенцияға ұқсап келеді және ол скипидар мен уайт-спириттің қоспасынан толық еріп кетеді. Мاستиканы жаққан кезде 0,9-1мм қалыңдықты қамтамасыз ету үшін тісті шпатель пайдаланылады. Ауданы 1 м² жазықтыққа жағылатын мастиканың шығындылығы – 0,3-0,35 кг.

Битумды-латексті-кукертұзды мастика БЛК құрамы (массалық %-і бойынша): битум – 40, «Кукерсоль» лагы – 50, СКС-30шхп латексі – 3, VI-VII сортты асбест – 7 қаймақ тәрізді консистенцилы қара түсті қоймалжың масса.

БЛК мастикасына қойылатын талаптар «Биски» мастикасына қойылатын талаптарға сайып келеді. Ауданы 1 м² жазықтыққа жағылатын мастиканың шығындылығы – 0,2-0,30 кг. Дайын мастиканы қақпағы тығыз жабылатын, сыйымдылығы 50 кг-дық металл ыдыста –5-тен +25°С-қа дейінгі температуралық режимде сақтайды.

Цемент бетонды қоймаларды қорғау үшін эпоксидті шайырлар негізіндегі мастиканың да қолданауы мүмкін. Эпоксидтік мастиканың құрамы:

Мастикалар	Массалық мөлшермен
Эпоксид шайыры (ЭД-5, ЭД-6, Э-40, Э-37)	66,7-40,8
Қатайтқыш (ПЭПА немесе гексаметилендиаминнің кубтік қалдықтары)	6,7-6,1
Еріткіш (ацетон, толуол, ксилол)	10,0-8,2
Пластификатор (дибутилфталат, тиокол, поли- эфирлі акрилаттық шайыр)	10,0-8,2
Толықтырғыш (диабаз, базальт, андезит, гранит, төменгі сорт-ты асбест, титанның қос тотығы, цемент, шамот және т.б.)	36,7-6,6

